



## ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ МЕН ШӘКІРТАҚЫ ӨСЕДІ

**Президент Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевты қабылдады.**

Мемлекет басшысына мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Президентке биыл қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі педагогтердің еңбекақысы 30 пайызға өсетіні туралы баяндалды. Жыл соңына дейін балабақшаларда 81 мың орын ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 98 мың бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Оқу-ағарту министрінің айтуынша, педагогтерді аттестаттау рәсімі жетілдіріліп жатыр. Енді олардың кәсіби біліктілігі пәнді қаншалықты жақсы білетініне қарай, ал жұмысының нәтижесі білім алушылардың оқу жетістіктері негізінде бағаланады.

Ғани Бейсембаев биыл 1 қыркүйектен бастап 1-4-сынып оқушылары толықтай тегін тамақпен қамтамасыз етілетінін айтты. Сондай-ақ білім беру ұйымдарын дабыл түймелерімен, лицензиясы бар күзетпен, турнирлермен және жедел басқару орталықтарына қосылған бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Ауыл мектептерін дамыту тұжырымдамасы таныстырылды. Биыл техникалық және кәсіптік білім алушы студенттердің 80 пайызы тегін оқиды. Қыркүйек айынан бастап олардың шәкіртақысы 50 пайызға, ал келесі жылы 100 пайызға артады. Кәсіпорындар колледж түлектерін міндетті түрде жұмысқа орналастыру шартымен мамандарды мақсатты даярлау ісіне алғаш рет атсалысып отыр.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министріне білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне ұдайы көңіл бөлуді тапсырды.



## ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАБДЫҚТАУҒА АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

**Мемлекет басшысы Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменованы қабылдады.**

Президентке еліміздегі вегетациялық кезең барысы және орман шаруашылығы мен жануарлар әлеміне қатысты мәселелер жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа орман шаруашылығын материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықтау, соның ішінде техника сатып алу және ықтимал орман өртін алдын ала анықтау жүйелерін орнату бойынша қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды.

Зүлфия Сүлейменова Мемлекет басшысына табиғатты қорғау және орман шаруашылығы

мекемелеріне қажетті өртке қарсы құрал-жабдықтар мен техникалардың тізімін кеңейту үшін тиесілі нормаларды жанарту жұмыстары басталғанын айтты.

Кездесу соңында Президент табиғатты қорғау бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын күшейту ісін кешенді түрде жүзеге асыру маңызды екенін атап өтті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатты қорғау заңнамасының бұзылу фактілерін анықтап, оларды жою үшін құқық қорғау органдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ қажет жағдайда құқық бұзушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту керек екенін атап өтті.

## ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ УШЫҒЫП ТҰР



Елордада Мәжіліс депутаттарына арналған «Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу саясаты бойынша диалог және COP-28» тақырыбында семинар-тренинг өтті. «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығы бастамашы болған іс-шараға «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы қолдау көрсетті.

## САҚТАНСаң – ӨРТТЕН САҚТАН!



Абай облысындағы орман өрті талайды терең ойға қалдырғаны жасырын емес. Ал он бес адамның қазасы қаймана қазақтың қабырғасын қайыстырып, саладағы біраз былық пен сұмдықтың бетін ашты. Әрине, апат айтып келмейтіні белгілі.

### Сіз не дейсіз?

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы:

### КЕНЕСАРЫ ЕСІМІ ҚАЙ ҚАЛАҒА ДА ЛАЙЫҚТЫ

Өңірдегі ең ірі кент Кеңес дәуірінде тіпті картада да болмаған. Өйткені онда 30 жыл бойы Ресейдің ракеталық дивизиясы орналасып, құпия сақталған. Тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті халықтың тілегі қалаға қазақтың соңғы ханы Кенесарының атын беру болатын. Күні кеше Ақмола облысының шалғай аймақтарының бірі – Жарқайың ауданының орталығы Державинск қаласын Кенесары ханның есіміне өзгерту ұсынылды. Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен жиынға жалпы саны 325 адам қатысқан. Жиын қорытындысында қаланың Кенесары аталуына 192 адам қолдап дауыс берсе, 125 адам қарсы дауыс берген. Қалың қазақтың соңғы ханы – Кененің есімі дәл осы қалаға бұйыруының да нақты себептері бар болып шықты. Осыған орай біз топонимик, профессор Жамбыл Артықбаевқа сауал тастаған едік.



(Жалғасы 4-бетте)

## КҮРІШ ҮШІН КҮРЕС ҚЫЗДЫ



Қазақстанда күріш егістігі жылдар бойы қысқарып келеді. Себебі елді қуаңшылық басып жатыр. Салдарынан күріш бағасы жыл сайын аспандап барады: биылғы жыл басынан күріш елімізде ең көп қымбаттаған азық-түлік түрлерінің үштігіне енді. Бұлай бара берсе, жуық жылдары бұл өнім бұқараға қолжетімсіз болып қалуы мүмкін. Бұған жеткізбеу үшін Үкімет қандай шаралар қабылдауда?

4 ►►

## ҚОҢЫРДАҒЫ ҚОҢЫРТӨБЕЛ ТІРЛІК

Тарихы сан қатпарлы Қапал ауданы тарқап, аумағы мен ауылдары Ақсу және Ескелді аудандарына бөлініп кеткелі де ширек ғасыр өтті. Соншама уақыт өтсе де, сол кезден қалған, әлі күнге шешімін күткен шетін мәселелер жетіп артылады. Кейбір елді мекендердің өзі Ескелдіде қалса, шаруашылық жерлерінің, оның ішінде жайылым, шабындықтарының, қыстаулықтарының Ақсу ауданының қарамағындағы аумақта қалғаны да сол түйінді тұстардың бірі.

8 ►►





## ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның алғашқы отырысы өтті.**

Палата Төрағасы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылған комиссияның жұмысы Қазақстанның орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуіне және оларды іске асырудағы тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

«Президентіміз Қ.Тоқаев 2019 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мәселелері жөніндегі форумында сөйлеген сөзінде орнықты даму мақсаттары бойынша көздеген нәтижелерге қол жеткізу үшін шешуші шаралар қабылдау қажеттігін айтты. Соңғы жылдары елімізде бұл бағытта кейбір оң өзгерістер байқалады. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаңа баяндама жариялады. Соған сәйкес, біз шамамен 2020 жылғы деңгейге дейін төмендедік. Бұл елімізде орнықты даму саласы бойынша ерекше назар аударуды қажет

ететін салалар бар екенін көрсетеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында Сенат Төрағасы Комиссияның міндеттеріне бюджеттік параметрлерді қарау және бақылау да жататынына назар аударды.

«Орнықты дамудың ұлттық мақсаттарына нәтижелі қол жеткізу үшін Парламент пен Үкіметтің бірлесіп, тиімді жұмыс жүргізуі маңызды. Ең алдымен, Орнықты даму мақсаттарының 2030 жылға дейінгі ұлттық индикаторларын нақтылау қажет. Қазір олардың кейбірі әлі айқындалмай отыр», — деді Мәулен Әшімбаев.

Алғашқы отырыс кезінде Парламенттік комиссия туралы ереже және алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілді. Одан бөлек, Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Қазақстанның орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы туралы баяндама жасады. Күн тәртібінде қаралған орнықты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениет қалыптастыру жөніндегі кешенді шаралар туралы мәселе бойынша Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова айтып берді.

## ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАҒА ТҮЗЕТУ ЕНГІЗДІ



**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған заңдарды қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.**

Отырыс барысында Сенат депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарап, мақұлдады. Осы заң арқылы «шағын электр көлігі құралы», «электр самокат» ұғымдары енгізіледі. Онда аталған көлік түрлерінің техникалық сипаттамалары көрсетіледі және пайдалану тәртібі құқықтық тұрғыдан регламенттеледі.

«Бұл заң жолда жүру саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатымен әзірленді. Атап айтқанда, осы заң аясында көліктің жаңа түрлерін пайдаланудың құқықтық негіздері мен жалпы шарттары айқындалады. Сондай-ақ электр самокат және шағын электр көліктерін жүргізушілердің құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Алдағы уақытта мақұлданған заң азаматтардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге оң үлесін қосады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң екі оқылымда қаралып, мақұлданды. Мұндағы нормалар негізінен сұйытылған мұнай газының айналымын реттеу жөніндегі қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді көздейді.

«Заң газ және газбен жабдықтау саласында туындаған қоғамдық қатынастарды қосымша реттеу үшін әзірленді. Заң аясында кондоминиум объектісін басқарудың жекелеген мәселелерін реттеуге арналған нормалар да бар. Алдағы уақытта заң осы саладағы мәселелерді оң шешуге ықпал етеді деп сенеміз», — деді Сенат Төрағасы.

Одан бөлек, палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

## «ЕЛОРДА МАҚТАНЫШЫ» КЕШІНЕ ҚАТЫСТЫ

**Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Астанада өткен «Елорда мақтанышы» атты жалпықалалық түлектер кешіне қатысты. Іс-шара барысында палата Спикері ел Президенті Қ.Тоқаевтың түлектерге арналған құттықтауын оқып берді.**

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы елімізді дамытуға арналған бастамалар, бірінші кезекте, өскелең ұрпақ үшін жасалып жатқанын үнемі айтып жүретінін тілге тиек етті. Сондықтан жастарды қолдау — мемлекет дамуындағы маңызды басымдықтардың бірі.

«Президентіміз Қ.Тоқаев жастарды қолдау мәселесіне әрдайым баса мән беріп келеді. Соңғы жылдары университет гранттарының саны кө-

бейді. Кәсіпкерлікпен айналысамын дейтін жастарға да жол ашық. Ол үшін елімізде бизнестегі жастарды қолдауға арналған түрлі бағдарламалар бар. Мемлекеттік қызметке барамын дейтін жастарға да ешқандай шектеу жоқ. Сондықтан алдағы уақытта осы мүмкіндіктерді барынша пайдалануға шақырамын. Мемлекетіміз, өз кезегінде, жастарды қолдауға арналған жан-жақты жұмысты одан әрі жалғастыра береді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Спикері қазіргі таңда түлектердің алдында маңызды таңдау тұрғанын атап өтті. Осындай жауапты сәтте дұрыс қадам жасау үшін жас буынға нақты өмірлік бағдар керек. Осы орайда Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының Түркістанда өткен Ұлттық құрылтай отырысында айтқан бастамасына назар аударды.

## КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ



**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.**

Депутаттарға «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылды.

Қолданыстағы заң 2015 жылы қабылданды. Заңның жаңа редакциясын әзірлеу қажеттілігі ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен және

органикалық өндірісті жүргізу тәжірибесімен үйлестіруге байланысты.

Заң жобалары кәсіпкерлік, экологиялық, әкімшілік кодекстерге және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңға түзетулер енгізеді. Бұл өзгерістер халықаралық стандарттың талаптарына сәйкестігі үшін сату нарығының сұраныстары мен қалауына байланысты органикалық өндірісті сертификаттауға мүмкіндік береді.



## МАСС МЕДИАНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Astana TV және «АЙҚЫН-ЛИТЕР» ЖШС ұжымымен кездесу өткізді. «АЙҚЫН-ЛИТЕР» ЖШС қарасты басылымдар мен интернет редакцияларының материалдық-техникалық базасымен танысып шықты.**

Журналистермен кездесуде Дархан Қуандықұлы Түркістандағы Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тіліне тиек еткен ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту мәселелерін талқылады. Басқосуда Мемлекет басшысының ақпараттық саясатын қайта қараудағы дәстүрлі медианың рөлі де жан-жақты сөз болды.

Кездесуге «AMANAT» партиясының Хатшылары Дәулет Кәрібек пен Руслан Алишев, Nur Media холдингінің бас директоры Бақтияр Мәкен қатысты.

Өз кезегінде, серіктестікке қарасты AIQYN газетінің бас редакторы Амангелді Құрмет, «Литер» газетінің бас редакторы Жанна Ойшыбаева, AiQyn.kz сайтының бас редакторы Асқар Беков сөз алып, контенттің мазмұнын байыту, уақыт талабына сай

шығармашылық ізденіс жайында сөз қозғалды.

Мұнан соң министр Дархан Қуандықұлы Astana TV мен «АЙҚЫН-ЛИТЕР» ЖШС ұжымының елеулі еңбегімен көзге түскен қызметкерлерін «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады.

Мұнан соң AIQYN газетінің белгілі сатирик Көпен Әмірбек атындағы «АРА» сыйлығы табысталды. Биыл бұл сыйлыққа Көпен Әмірбектің талантты шәкірттерінің бірі, белгілі сатирик Мұхтар Шерім лайықты деп танылды.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Дәулет Кәрібек «АРА» сыйлығын жыл сайын дәстүрлі түрде тапсыруға партия қолдау білдіретінін айтты. Салтанатты рәсім барысында Көпен ағамыздың ұлы Жұбанышқа да демеушілер атынан бағалы сыйлық табыс етілді.





## ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ УШЫҒЫП ТҰР

Елордада Мәжіліс депутаттарына арналған «Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу саясаты бойынша диалог және COP-28» тақырыбында семинар-тренинг өтті. «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығы бастамашы болған іс-шараға «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы қолдау көрсетті.

Сөз басында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев Қазақстанда экология мәселесі ушығып тұрған ірі өндірістік кәсіпорындар бар екенін атап өтті.

«Қазақстан негізінен шикізаттық мемлекет саналатындықтан көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу мәселесі біз үшін өте маңызды. Бүгінде қуатты тиімді пайдалану мәселесі алдыңғы орынға шығып отыр. Осы орайда, «AMANAT» партиясы экология саласындағы кез келген жобаны қолдауға дайын. Тіпті, сайлауалды бағдарламамызда осы экология мәселесіне жеке тарау арналды. Зиянды шығарындылардың 45-60%-ы ірі кәсіпорындарға тиесілі. Сондықтан осы және өзге де экологиялық мәселелерді біртіндеп шешу қажет», — деді ол.

Мәжілістегі Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, «AMANAT» фракциясының мүшесі Еділ Жанбыршин климаттың өзгеруі мен көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу Қазақстан үшін ғана емес, жаһан жұртшылығы үшін маңызды мәселе екенін атап өтті.

«1800 жылдан бүгінге дейін Жер шарының температурасы 1,1 градусқа жоғарылады. Өкінішке қарай, бұл мәселе Қазақстанды да айналып өткен жоқ. 1936 жылдан бері елімізде әр 10 жыл сайын

температура 0,36 градусқа көтеріліп келеді. Бұл үрдіс бүкіл әлемде байқалуда. Алайда еліміздегі температура әлемдегі орташа температура деңгейінен әлдеқайда жоғары. Дүниежүзілік банктің есебі бойынша, 2050 жылға қарай климаттың өзгеруі себебінен 200 млн-ға жуық адам баспанасыз қалуы мүмкін. Температураның жоғарылауы түптеп келгенде апаттық дауыл, қуаңшылық, су ресурстарының азаюы, теңіз деңгейінің көтерілуі, биоландықтың кемуі сынды мәселеге алып келеді. Мәселен, кейінгі 5 жылда елімізде қуаңшылық өте жоғары деңгейге жетті. Маңғыстау, Қызылорда, Атырау облыстарында жаңбыр жаумаған жылдар болды. Мұның бәрі ел экономикасына, өмір сүру жағдайымызға әсер етіп отыр», — деді депутат.

Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы Елшісі Кестутис Янкаускас заманауи әрі экологиялық тұрғыда таза технологияларды қолдану халықаралық инвесторлардың Қазақстанға деген қызығушылығын арттыра түсеріне назар аударды.

Семинар барысында Еуропа қайта құру және даму банкінің, Еуропалық орман институтының «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ және БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының сарапшылары сөз сөйледі.

## ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ЖОБА



**«AMANAT» партиясы жанындағы Аграрлық сектор мәселелері жөніндегі Республикалық кеңестің кезекті отырысында «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асырылу барысы талқыланды.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, 2022 жылы сәуірде «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» бекітілген еді. Онда ауыл тұрғындары қарыз алу, кооператив құру және техниканы лизингке ресімдеу кезінде жылдық 2,5% жеңілдікпен көмек ала алатыны айтылған. Осы бағдарлама аясында «AMANAT» партиясы Үкіметпен бірге «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруда.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбетов Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: біріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру мәселесіне басымдық бергенін атап өтті.

Биыл «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру үшін 100 млрд теңге бөлінді. Осы қаражатты 17 мыңға жуық шағын несие беруге жұмсау жоспарланып отыр. Бұл жөнінде Кеңес мүшелеріне Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаментінің директоры Тұрар Мұхамеджанов айтып берді.

«Микрокредиттерді жергілікті атқарушы органдар сенім білдірілген агент арқылы, яғни әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жылына 2,5%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен 5 жылға дейінгі мерзімге (мал шаруашылығы саласында 7 жылға дейін) береді. Жеке қосалқы шаруашылықтар үшін — 2,5 мың АЕК немесе 8,6 млн теңгеге, ал ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін — 8 мың АЕК немесе 27,6 млн теңгеге дейін микрокредит ұсынылады. Бүгінде жалпы сомасы 49,97 млрд теңгеге 8 846 өтінім қабылданды. Оның ішінде 8,3 млрд теңгеге 1 679 өтінім мақұлданды», — деді ол.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жумағазиев мал өсіретін шаруашылықтарға несие бермес бұрын төрт түліктің азығы мен жайылымның

жеткілікті болу мәселесін шешу қажет екеніне назар аударды. Сондай-ақ ол ауылдағы кәсіпкерлікті қолдау мәселесіне жеке тоқталды.

«Түркістан облысындағы Ленгер қаласында 2 мыңнан астам жеке кәсіпкер жұмыс істейді. Тұрғындар бал, сүт және ет өндіреді. Алайда лицензия мен өзге де құжаттардың болмауына байланысты олардың тауары дүкенге қабылданбайды. Амалы құрыған кәсіпкерлер өнімін базарда саудалайды. Тұрғындар азық-түлік қана емес, сапасы жоғары тоқыма және т.б. тауар түрлерін өндіруді үйренді. Ауыл тұрғындарының өнімін сертификаттау жұмысын оңайлату керек», — деді партия Хатшысы.

Аталған жоба осыдан төрт жыл бұрын Жамбыл облысында қанатқақты режимде жүзеге асырыла бастаған еді. Осы өңірдегі ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дулат Оспановтың айтуынша, 2019 жылы мал шаруашылығын дамыту үшін 2,5 мыңнан астам несие беріліп, шаруалар жалпы сомасы 6,4 млрд теңгеден астам қаражатқа 45 мыңнан астам мал басын сатып алды. Бұл ретте, Кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев тек отандық төрт түлікті сатып алуға тырысу керек екенін атап өтті. Себебі республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат шетелге кетпей, ел экономикасына серпін беруі тиіс. Өз кезегінде, Кеңес мүшесі, Агроөнеркәсіптік кешендегі кредиттік серіктестіктер қауымдастығының төрағасы Альмира Сағатова кооперативтерге несие беру тәртібін қайта қарауды ұсынды.

Жиын барысында Ақтөбе, Түркістан және Павлодар облыстарының ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары да сөз сөйледі.

Жиын қорытындысында Нұржан Әшімбетов мемлекеттік органдардың өкілдері мен сарапшылар қатарынан жұмыс тобын құруды, цифрландырудың қосымша элементтерін енгізу бойынша өңірлерге арналған ұсынымдар әзірлеуді ұсынды. Кеңес төрағасы ауыл тұрғындарының өнімін дайындау мен сатуға, сондай-ақ тиімді ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруға ерекше назар аударуды тапсырды.

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ



**Теміртау қаласында «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиында Қарағанды облысындағы жер беру, құрылыс салуда кеткен олқылықтар ғана емес алдағы қысқа дайындық туралы да сөз болды.**

Кеңес мүшелері қатысқан отырысқа Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Бөлекпаев, Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов, «AMANAT» партиясының жергілікті мүшелері және де басқа жауапты тұлғалар қатысты. Мәжіліс депутаттары мен аудан әкімдері онлайн түрде қосылды.

Жиынды басқарып отырған «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерлан Саиров:

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жылу энергетикасы саласындағы мәселелерді, соның ішінде жылу энергетика саласындағы протексанизмге және жемқорлыққа алып келетін әртүрлі айла-тәсілдерді жою жөнінде тапсырма берген болатын. «AMANAT» партиясының Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың басқаруымен Мәжілісте Қазақстандағы жалпы жылу энергетика саласындағы мәселелер қарастырылды. Өздеріңізге белгілі елімізде жаз қысқа, тез өте шығады. Сондықтан «біз алдағы жылытау маусымына Қазақстандағы әр аймақта жылу энергетикасының дайындығы қалай, үлгері ме? Қандай мәселе бар?» деген сұрақпен шықтық.

Протексанизм мен коррупция мәселелері тек қана мемлекетте емес, сонымен қатар жеке кәсіпорындарда да бар. Осы мәселелерді шешпейтін болсақ, біздің елімізде Әділетті және жана Қазақстанды құру мүмкін емес. Қарағанды облысы еліміз үшін экономикалық, әлеуметтік және рухани жағынан өте маңызды өңір. Аймақтағы өзекті деген мәселелерге «AMANAT» партиясы назар аударады.



Мәжіліс трибунасында Карметкомбинаттың жұмыскерлерінің, осы комбинаттың мердігерлер мәселесін көп көтеріміз. Дегенмен де бұл мәселелер шешімін таппайды. Бүгінде инвестордың қазақстандық жұмыскерлерді, кәсіпорындарды белгілі дәрежеге көтеруге деген пейілі жоқ, — деді.

Сонымен қатар Ерлан Бияхметұлы Астанадан келген делегация Теміртау қаласындағы 1 ГРЭС-ке кіріп шыққанын айтты. Көзқорғандей, бұл жылу беретін орталықтың жағдайы өте мүшкіл. 1942 жылы салынып, жұмысын бастағаннан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген.

Кеңес төрағасының орынбасары Дидар Смағұлов аталған кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, кеңес мүшелері мен Қарағанды облыстық филиалы, облыстық прокуратура қызметкерлерінен тұратын жұмыс тобының 12-20 маусым аралығында 2020-2022 жылдар және биылғы жылдың 5 айындағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты зерттеуіне тоқталды.

Төраға орынбасарының айтуынша, облыс бойынша өткен екі жарым жылда жемқорлық қылмысы бойынша 123 іс тіркелген.

— Оның негізгісі — пара алу, бюджет қаражатын ұрлау және қызметін асыра пайдалану. Сыбайлас

жемқорлық ішкі істер және жергілікті басқару органдарында басым.

Тексеріс барысында бірқатар аудан мен қалалардағы арнайы комиссиялардың дұрыс жұмыс істемейтіні анықталды.

Қарағанды қаласында құрылыс, коммуналдық шаруашылық, жер қатынастарына анализ жасалғанда бірнеше жемқорлыққа апаратын фактілер анықталды. Қалада бірнеше тұрғын үйді заңсыз салған. Алдағы уақытта бұл үлескерлерді тығырыққа тіреуі мүмкін. Мысалы, «Бөйтерек» ТК-тің құрылыс салуға рұқсаты болмаған. Бірақ әлеуметтік желі арқылы пәтер сатамыз деген жарнама беріп қойған, — деп атап өтті Дидар Смағұлов.

Сонымен қатар Қарағандыдағы Степной көшесінде салынған 5 қабатты үйді архитектура бөлімі бір де бір құжаты болмаса да пайдалануға қол қойған. Жерді пайдалануға беру кезінде де бірнеше заңбұзушылық болған.

Жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан бақта да бағаны қолдан көтеру анықталған. Әр орындыққа 323 мың теңге бөлген. Интернетте бұл бұйымды 70-170 мың алуға болатын болса, коқыс жәшігіне 21 мың теңге жұмсаған. Ал бұл қалдық салғыш 9-16 мың теңге ғана тұрады. Яғни, бағаны екі есе көтеріп жіберген. Мұндай бағаны негізсіз көтеру Шахтинск қаласында да болған.

— Осындай заңбұшылықтардың жолын кесуіміз керек, — дейді төраға орынбасары.

Жиынға қатысқан Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Бөлекпаев сыбайлас жемқорлықтың еліміздің дамуына кедергі келтіретініне тоқталып өтті.

— Көрсетілген кемшіліктер бойынша жұмыстар атқарылды. Заңсыз құрылыс, үлескерлік және басқа да мәселелер бойынша ешбір жұмыс жасалмай жатыр деп айта алмаймын. Бәрі біздің қадағалауымызда. Бірнеше заңсыз құрылыс жүргізушілерге сот арқылы айыппұл салынды. Бұрын айыппұл 1 миллион теңге ғана болса, енді 10 миллион теңге. Бұл әр кәсіпкерді ойландырады. Құрылыс жүргізушілер есеп беріп отырады, — деді облыс әкімі.

«АрселорМиттал Теміртау» компаниясының мердігерлер алдындағы 10 миллиард теңге қарызы туралы өңір басшысы: «Бұл мәселені біз де қарастыраудамыз. Алдағы уақытта да бақылауымызда болады. Комиссияға нәтижесі туралы жазбаша жауап береміз», — деді.

Мәжіліс депутаты Абзал Құспан: «Неге сіздерде жемқорлыққа қарсы пікір, ұсыныс, аудан мен қалаларда комиссия жұмысын реттейтін ережелер жоқ? Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, комиссияда талқылаған тиімді болар ма еді?» деген пікірін білдірді.

Кеңес отырысында Теміртау, Балқаш қалаларында жалыту маусымына дайындық туралы да сөз қозғалды. Жауапты тұлғалар кеңес мүшелерін «Қыста тұрғындар тоңбайды. Жылу болады» деп сендірді.

Бұл айтылған мәселелердің орындалуы туралы қыркүйек айында онлайн жиын өткізілетіні отырыс барысында айтылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

Сіз не дейсіз?

(Басы 1-бетте)

— Кенесары ханның есімі Жарқайың ауданының орталығына ұсынылды. Жарқайыңның тарихы қандай?

— Кенесары Қасымұлы — бар қазаққа ортақ ірі тарихи тұлға. Оның есімін еліміздің қай өлкесіне қойса да жарасалы. Бірақ бұл бак жарқайыңдытарға бұйырды. Тұрғындар осыншама қиындықпен келген жеңісті ешқашан ұмытпағаны жөн. Қазақ хандығының соңғы ханының ұлттың азаттығы жолындағы 1837-1847 жылдардағы күрескерлік тарихында дәл осы Жарқайың өлкесінің ерекше орны бар. Жердің шалғайлығына, Торғай мен Ақмола облыстары арасындағы тағдырына байланысты бұл өлкенің тарихы әлі зерттелген жоқ. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде және тарихи шежіресінде бұл жерді «Жарқайың ағаш» деп те атайды. Бұл жерде көне заманның қорғандары мен жұмбақ құрылыстары, ортағасырлық қалалар мен қоныстары мол. Оның көне тарихын Барын (Баран) көл маңындағы «Алып» аталатын ескерткіштерден де сезуге болады. Бұл — бірнеше жүз метрге созылған топырақтан үйілген жал. Жалпы сипаты қола дәуірінде пайда болған «Торғай геоглифтеріне» келеді. Жарқайың ортағасырлық тарихи жазбаларда, соның ішінде Әмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтарын баяндайтын «Зафар наме» сияқты кітаптарда аталады.

— Ортағасырлық әрі Қазақ хандығы тұсындағы тарихи атауларға бай Жарқайың ауданының орталығына Державинск атауы қалай берілді?

—Тарихи тұрғыдан Жарқайың тағдырына соңғы араша түскен адам ретінде Кенесары ханды атауға болады. Данқты хан өзінің Ресей патшасына жазған хатында Жарқайынды «атам Абылай ханнан қалған құт мекенім» дейді. Кенесары патша үкіметіне жазған хаттарында Жарқайынды казак жеріндегі ең танымал, шаруашылығына ең қажет аймақтармен қатар атайды. Сол кездегі мұжықтарға берілген жер өлшемдері тіркелген құжаттардағы орыс деревнясы орынықан учаскенін бул аты «Чалак-Талдык-Кенский» түрінде кездеседі (Справочные сведения о переселенческих селениях и участках Акмолинского переселенческого района. Омск. 1911. С.502). Кейін келе селолық сходта «Державинское» атауын таңдаған. Бұл өңірде тың игеру науқаны кезінде 1955 жылы онтүстік батысында Қостанай об-

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы:

# КЕНЕСАРЫ ЕСІМІ ҚАЙ ҚАЛАҒА ДА ЛАЙЫҚТЫ



лысымен, солтүстігінде Есіл, шығысында Жаксы, Атбасар аудандарымен шектесетін Жарқайың әкімшілік ауданы ұйымдастырылып, ауданның орталығына билік әуелде «Шолак талды Кен» атымен белгілі Державинск ауылын таңдаған. Міне, Есіл бойындағы елді мекеннің бұл шағын ғана анықтамасы.

— Жарқайың өлкесінде тарихи атаулардың арналы Есіл өзенімен қандай байланысы бар?

— Жарқайың ауданының территориясын араласаңыз, Есілдің Шолак талды Кен немесе Кен, Сандық су сияқты бірнеше саласын кездестіресіз. Ортағасырлық қалалар мен бекіністер Есілдің ұзына бойында орналасқан. Кейін келіп олардың үстінен Ресейдің әскери бекіністері мен қоныстары түсті. Ресейлік қоныс аударушылар 1908 жылы келіп, Кен өзенінің Есілге құяр тұсындағы құнарлы өңірге келіп қоныстана бастаған. Есіл қазақ жерінен өз бастауын алып Ертіс арқылы Солтүстік мұзды мұхитқа тартады. Сарыарқаны бір көрген адам оның қасиеті осы Есілмен кәдірлі екенін біледі. Оның ұзындығы екі мың шақырымнан астам. Ерте кезде Есілдің суы арнасынан асыптасып жатқанын, жағасы тоғай, көк шал-

ғын болғанын қазақтың ауыз әдебиетінен білеміз. Кенесары ханның жанында болған Досқожа жырау көтерілісшілер Сарыарқадан Жетісуға қарай ағанда:

— Бұл қоныстан кеткен соң,  
Көреміз бе, дүние-ай,  
Мына жатқан Есілдің,  
Көк орай тартқан өзенін ?! — деп жылап қоштасатын өзені де дәл осы Есіл. Осындай себептерге байланысты Есілдің ұзындығындағы әрбір жары мен саласы, тоғайы мен шілігі, ежелден қазақтың қоныс салған қыстаулары мен өткелдері халықтың жадында жақсы сақталған.

— Кенесары ханның есімі басқа қалаға емес, дәл осы Жарқайың ауданының орталығы Державинскіге ұсынылуына не себеп болды?

— Есілге Сандық су құятын тұста, кәзіргі аудан орталығына жақын Ор (Оркөшегі) атанған қалашық болғаны белгілі. 1830 жылдары Кенесарыға қарсы салынған Жарқайың қорғаны бұрынғы Ор қаласының үстіне салынған. Кенесарымен соғыс кезінде Ресей үкіметіне қыр өңіріне бақылау жасауға ыңғайлы және өзіне де қорғанысқа қолайлы жерде бекініс керек болды. Бұл бекініс Н.Красовскийдің «Область Сибирских киргизов» атты үш

томдық еңбегінде және Л.Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты жазбасының соңындағы картада «Джаргаинь» деп көрсетілген. Кейбір ресейлік карталарда қазақи ретпен «Жарғайын ағаш» деп көрсетіледі. Бұл көне қалашық Шолаксандық ауылынан 3-4 шақырым жерде. Жарқайың маңындағы «Солдат түбегі» аталатын жер атауының тарихын жергілікті қариялар Кенесарымен байланыстырады. Оләңгімелерде бірде Наурызбай төре, бірде Ағыбай батырдың аты аталады. Ресей құжаттарының ішінде «Кенесары погнался за отрядом Горского и достиг его близ урочища Жергаина, где и окружил. Горский едва не попался в плен. Но к своему счастью, он получил помощь, и Кенесары был отражен. Преследуя подполковника Горского Кенесары убил 4 казаков, 4 человека были взяты в плен и отбл 800 лошадей обратно» деген дерек бар. Бұдан шығатын қорытынды Горский отряды қазақ ауылдарына жазалау экспедициясын жасап, жылқысын айдап келе жатқанда Кенесары қуғынына ұшыраған. Бұл — 1840 жылы болған оқиға. Хан Кенені бұл жерден ығыстыру үшін Ресей Ор қаласының үстінен, Сандық судың Есілге құяр сағасынан әскери бе-

кініс сала бастады. Бұл бекініс қазақ шаруашылығы үшін ауыр соққы болды. Қазақ жері қаншалықты ұлан-ғайыр болғанымен, оның қыс қыстауға қолайлы жерлері онша көп емес. Кез келген мал өсірген адам өзінің шаруашылығы үшін қыстың суық желінен қорғау болатын, шөбі шүйгін, суы мол жерді іздейді. Сол себепті де әуел бастан бұл өлкені қысқы қоныс ретінде пайдаланған Кенесары ханның еліне Жарқайың үшін күрес ауыр жүрді. Ермұхан Бекмахановтың «Казахстан в 20–40-х годах XIX в.» кітабында Кенесары ханның азаттық күресіне қатысты Жарқайың өңірі бірнеше рет аталады. Мысалы «Есіл жағасындағы Көкалажар қамалын Кенесары әскері қоршауға алғанда гарнизондағылар көтерілісшілерді жақындатпай ұзақ атысады. Сонда Иман батыр кішігірім тобымен байқатпай барып, қамалдың сыртынан соққы беріп, оған басып кіреді» деп сипаттаған оқиғасы осы Жарқайыңға байланысты. Бұл жер Шолаксандықтың маңындағы Қоғалы жар Е.Бекмахановтың кітабында «Көкала жар» деген атпен жүр. Қазақ жерінде Көкала жар деген де топоним бар, Ол Есіл емес, Сарысудың орта ағысында. Әли Шарафалдиннің 1391 жылы жазып қалдырған жорық күнделігінде: «Ұлытаудан шығып, Есілге құлап, Жарқайың бекінісіне келдік» делінеді. Осы сияқты ақпараттардан шығатын қорытынды біреу: Жарқайың онтүстік пен солтүстік арасындағы Ұлы меридиан жолының бойында орналасқан құт мекен, яғни Жарқайың елі Ұлытау арқылы Сыр бойымен, Түркістан өңірімен байланысып жатыр. Екіншіден, күнгейден шыққан керуендер Жарқайың арқылы Еділ-Жайық бойына, одан да әрі аймақтарға өтеді. Міне, Жарқайыңның Кенесары хан жазғандай қазақ жеріндегі ең айтұлы қоныстың бірі болуы осы себепті. Міне, дәл осы тарихи деректерді негізге алсақ, Жарқайың ауданы орталығына Кенесары хан атауы өзінен-өзі сұранып тұр. Осы атауды таңдаған азаматтарға жақсы тілектер айттық. Жол мәселесі, яғни логистика қашанда есте болғаны жөн. Экономикасы дамыған елдің руханияты да көшпен қалмауы керек. Енді аудан Кенесары хан атына лайық екенін дәлелдеу керек, бұл аудан орталығының атын өзгертуден гөрі қиынырақ.

— Өңіміңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Қазақстанда күріш егістігі жылдар бойы қысқарып келеді. Себебі елді қуаңшылық басып жатыр. Салдарынан күріш бағасы жыл сайын аспандап барады: биылғы жыл басынан күріш елімізде ең көп қымбаттаған азық-түлік түрлерінің үштігіне енді. Бұлай бара берсе, жуық жылдары бұл өнім бұқараға қолжетімсіз болып қалуы мүмкін. Бұған жеткізбеу үшін Үкімет қандай шаралар қабылдауда?

Айхан ШӨРІП

## ҮКІМЕТ ӨЗ «ФОРВАРДЫН» АНЫҚТАДЫ

Қазақстандағы мына парадоксқа қараңыз: күріш бағасы жыл санап өсуде, бірақ республикада күріш тапшылығы жоқ. Қазақ тағамтану академиясы әзірлеген нормаға сәйкес, халқымыздың күрішке деген жыл сайынғы қажеттілігі бір адамға шаққанда 8,5 келіні құрайды. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, Қазақстанда сәбилерді қоса алғанда, 19 миллион 854 мыннан астам азамат бар. Яғни, күрішке деген зәрулік 168 миллион келіден 168 мың тоннадан ғана асады.

Шынында, қазақстандықтар күрішті, палауды ғалымдар белгілеген нормадан көп, шектен тыс артық жейді. Нәтижесінде, әр адам жыл бойы күріштің кем дегенде 10,5 келісін тұтынады. Бұған елімізде тұратын және күн сайын тамақ ішетін жүздеген мың мигрантты, релоқантарды және туристерді қосуға болады. Соның өзінде әрі кеткенде Қазақстан жыл бойы 200 мың тоннадай ғана күріш тұтынады.

Бірақ соның өзінде Қазақстан күрішпен өз нарығын толық қамтып отыр. Қызылорда облысының деректері бойынша, 2022 жылы тек осы өңірдің дикандары 444,6 мың тонна күріш жинады. Жалпы алғанда, елімізде былтыр қамбаға 480 мың тонна күріш құйылған.

Бұған қоса, ел осы өнімнен тарықпауы үшін Үкімет оның экспортын қысқалтауға көшті: оны сыртқа сатқысы келетін егіншілер мен трейдерлер Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроенергосіптік кеңсндегі мемлекеттік инспекция комитетінен күріш экспортына фитосанитариялық сертификаттар алуы шарт.

Соған қарамастан, бұл дақылға қатысты ахуал бұқараны да, билікті де алаңдатуын жалғастырды. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Арман Шақкалиевтің айтуынша, маусымдағы жағдай бойынша жыл басынан бері әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының (ӘМАТ) бағасы орта есеппен 4,2%-ға өсті. Одан да көп қымбатшылық басқан өңірлер жетерлік. 2023 жылы бұл көрсеткіш бойынша антигидерлердің көшін Астана (6,1%), Шығыс Қазақстан облысы (5,3%) және Жетісу облысы (5,3%) бастады. Ал өнім түрлері бойынша пияз,

# КҮРІШ ҮШІН КҮРЕС ҚЫЗДЫ



қырыққабат, күріш және сәбіз бағалары барынша қымбаттады.

Содан осы өткен демалыста, сенбіде Премьер-Министрдің орынбасары — Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин Астанадағы Үкімет үйіне жауапты тұлғаларды жинады. Оның төрағалығымен өткен кеңесте өңірлердің азық-түлік бағасы тұрақтандыру шаралары қаралды. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың басшылары, Ұлытау облысының басшылығы есеп берді. Күн тәртібіне шығарылған басты мәселе Қызылорда облысындағы күріш жәрмеңкесіне дайындық барысы болды. Үкімет басшысының орынбасары әкімдерге биылғы жаңа егінді тұрақтандыру қорларына уақытты сатып алуды тапсырды.

Осы мақсатта қымбатшылық қысқан Қазақстан алғаш рет күрішке де форвардтық сатып алу тетігін іске қосыпты. Мемлекет дикандардан тіпті егін шықпай тұрып, болашақ өнімді алдын ала сатып алады. Бұл да парадокс: бұрын Үкімет Қазақстан өзін толық қамтамасыз ете алмайтын өнімдерді ғана форвардтық, алдын ала сатып алатын. Ал күрішпен ел, әлгінде айтылғандай, өзін артығымен қамтиды.

Тұтастай алғанда, белгіленген барлық өнімді форвардтық сатып алуға мемлекет 21 млрд теңге бөлді. Мұның сыртында дикандарға тағы 140 мың теңге көлемінде бюджеттік кредиттеу бағытталды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүрековтың айтуынша, күзгі егін жинау науқанын қаржыландыру жұмыстары жалғасуда. Үлгілік қағидалар шенберінде форвардтық шарттар жасасу үшін ӘМАТ

тізімі кеңейтілген. Соның ішінде күріш өндіру үшін форвардтық қаржыландыру енгізілді. Осылайша, енді әкімдіктерге күзгі егіннің шикізатын, соның ішінде күрішті қазірден сатып алу үшін өңдеуші кәсіпорындарды, аграршыларды бюджет есебінен форвардтық қаржыландыру мүмкіндігі берілді. Бұл үшін Е.Тасжүреков атап өткендей, өңірлер осы тауар бойынша өз қажеттілігінің көлемін растауы қажет.

Кенесте айтылғандай, алдағы сенбіге, 24 маусымға Қызылорда облысында үлкен күріш жәрмеңкесі жоспарланған. Оны өткізуге дайындық барысын Үкіметтің өзі бақылауда ұстап отыр. Бұл жәрмеңкеге күзгі егін жинау науқанына орай форвардтық шарттар жасасу үшін республиканың бүкіл өңірінің барлық әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы және күріш пен әлеуметтік өнімдердің ірі өндірушілері қатысады.

## ӨЗЕКТІ САЯСАТТАН НЕГЕ БАС ТАРТЫЛДЫ?

Күріш бағасының үздіксіз өсуіне қатысты жағдай Үкіметте бұдан бұрын да белек талқыланған. Мысалы, биылғы мамыр айында өңірлер арасында бұл өнім Ұлытау, Қарағанды, Алматы және Түркістан облыстарында қатты қымбаттағаны жария етілді. Қызылорда облысы әкімдігінің мәліметінше, 380 теңге бағамен 6 мың тонна өнім сатып алынып, қор дайындалды. Мамырда Қызылорда өңірінің өндірушілерінен 7 облыс 1021 тонна күріш сатып алды. Салыстырар болса, 2022 жылы күріштің 1 келісінің көтерме бағасы нарықта орта есеппен 325 теңге тұрды.

Ал базарда, мысалы, елорда дүкендерінде, бөлшек саудада оның бағасы 707 теңгеге дейін жетті. Бүгінде орта есеппен 530 теңгеге дейін түсті. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, күріш бағасы Оралда — 652 теңге, Атырауда 638 теңгеге дейін барыпты.

Халықаралық және отандық ғалымдар биыл да Қазақстанның судан тарығуы мүмкін екенін ескертті. «Казгидромет» бірнеше облыста қуаңшылық болуы ықтимал деп болжады. Дәл осы жағдайда билік елдегі суды көп қажет ететін дақылдардың егіс ауданын азайтуға мәжбүр. Тіпті, бірнеше жылдан бері күріш егілетін алқаптар саны қарқынды түрде азайтылып келді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұрынғы басшылары өздері бастап, онтүстік облыстарды аралап, аграршыларды күріш егуден бас тартуға, басқа дақылдарға көшуге үгіттеді. Бұл жұмыс нәтижесін берді: күріш өсетін алқаптардың ауқымы 2017 жылғы 104,5 мың гектардан 2022 жылы 87,9 мың гектарға дейін кеміді.

Бүгінде күріш күн тәртібіндегі трендке айналғандықтан, билік күрішке қатысты бұл сарабалд саясатын да өзгертіпті. Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, жалпы алғанда, 2023 жылы 23,4 миллион гектар жерге дән себілді. Бұл 2022 жылғы ауқымнан 68,6 мың гектарға көп. Биылғы көктемгі егіс жұмыстары таяуда, маусым айының басында ғана аяқталды.

Соның ішінде бұрынғы саясат аясында су ресурстарын көп шығындайтын мақта осы жылы тек 111,4 мың гектарға ғана егілді: сөйтіп, 2022 жылдағыдан тағы шамамен 15 мың гектарға азайтылды. Ал күріш 97,3 мың гектар алаңға өсіріледі. Бұл тіпті жоспардағы көрсеткіштен 2,3 мың гектарға артық. Салыстыру үшін айтсақ, 2022 жылы күріш 87,9 мың гектарға ғана егілген еді.

Қазақстанда күрішті негізінен Қызылорда облысы өндіреді: жалпы көлемдегі еншісі — 89,4%. Оны сонымен қатар Түркістан, Алматы, Жетісу облыстары да өсіреді.

## ҚАЗАҚ КҮРІШІ СЫРАҒА АЙНАЛДЫ

Министр Е.Қарашөкеев ылғалды көп қажет ететін дақылдарды суаруға биыл су жетпей қалуы мүмкін екенін, салдарынан су тапшылығы қаупі барын мәлімдеді. Бірақ биліктің бар назары — күріште. Оны өндіру артырылады. Сондықтан АШМ басшысы Экология және табиғи ресурстар министрі Зұлфия Сүлейменовадан Қызылорда және Түркістан облыстарын су ресурстарының қажетті көлемімен қамту үшін уақтылы шаралар қабылдауды өтінді.

Соңғы кездері өзі де билік пен халық назарына ілігіп тұрған Зұлфия ханымның бұл міндетті қаншалықты толымды орындай алатыны әзірге белгісіз. Егер ол Ауыл шаруашылығы министрінің өтінішін аяқасты етсе не күрішті аймақты сумен жете жабықтай алмаса, алда елде «ақмаржан дағдарысы» туындауы өбден мүмкін. Өйткені қазақстандық күрішті көрші Ресей қапатып, қап-қаппен тасып әкетіп жатыр.

Президент Үкімет алдына биыл инфляция деңгейін 2 есеге төмендету міндетін қойды. Сауда және интеграция министрінің бірінші орынбасары Арман Шақкалиев осы мақсатта ӘМАТ бағасының өсуіне барынша әсер ететін азық-түлік тауарларының тізімі жасалғанын айтты. Оған күріш, сиыр еті, құнбағыс майы, сары май, қант және көкөністер жатады. Яғни, Үкімет дәл осы өнімдерді өндірушілерді қолдауға бағытталған жаңа тәсілді әзірледі.

Бірінші вице-министр бүгінде бұл тауарлардың 78 негізгі өндірушісі анықталғанын хабарлады. Жаңа алгоритм аясында олар шығарған әрбір тауарға — өндіру мен сактаудан бастап сатуға дейін қолдау көрсетілуі тиіс.

«Қолдау шаралары өндірістің ерекшеліктеріне және кәсіпорындардың өзекті әрі түйіктілі мәселелеріне байланысты ерекшеленеді. Тауарлардың көкөніс тобының бағасы ӘКК форвардтық шарттарын жасау арқылы реттелетін болады. Бұл орайда барлық жұмысты өңірлік ӘКК, «Азық-түлік корпорациясы» және олардың серіктестерінің қызметін қамтитын арнайы ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асыру жоспарланған. Өнімді қалағалайтын бұл жүйе бағаны тұрақтандыру жұмыстарының «электронды айнасына» айналады», — деді А.Шақкалиев.

Атап өтер жайт, санкция астындағы Ресей қазақстандық күрішті жеу сыртында, оның жармасынан сыра қайнатады. Солтүстік көршіде сыра тұтынысы былтыр екі есесей өскен: әрбір Ресей Федерациясы тұрғыны жылына 52,2 литрін ішеді. Қалай болғанда, РФ қазақтың «ақмаржанының» басты импорттаушысы болып отыр. Былтыр солтүстік көрші шетелге шығарылған қазақ күрішінің жартысын (48,6%) немесе 52,7 мың тоннасын сатып алды. Тағы 21,7%-ын Тәжікстан, 7,8%-ын — Түрікменстан, 6,9%-ын — Украина, 2,2%-ын Өзбекстан тасты. Ендеше ел қаржысына арзандатылған, субсидияланған күріштің шетелге кетіп қалуына жол бермеу де проблема болмақ.

Қазақстанда оңтайландыру кезінде қысқарып кеткен елді мекендер, аудан мен облыстар қайта ашыла бастады. Еліміздің шығысындағы шекара бойында орналасқан Қатонқарағай, Марқакөл және Мақаншы аудандары қалпына келтірілетіні жария етілді. Осы аудандардың қазіргі күйі мен өзекті мәселелері жалпылай белгілі болғанымен аудан дәрежесіне лайықты экономикалық әлеуеті қандай екені көпшілікке бейтаныс. Біз осы тақырып төңірегінде шығыстағы қоғам мәселесіне жанашырлықпен қарайтын белсенді азаматтармен тілдесіп, ой-пікірлеріне құлақ түрген едік.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

ШЫҒЫСТА ҮШ АУДАН ҚАЙТА АШЫЛАДЫ

16 маусымда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір мәселе — шекаралас аймақтарды дамытуға мән берді. Мемлекет басшысы шекара маңындағы елді мекендердің ахуалы жеріміздің тұтастығына және еліміздің амандығына тікелей ықпал ететініне тоқталып, шын мәнінде, бұл — стратегиялық маңызы бар мәселе екенін атап өтті. Ол өкінішке қарай, шекара шетіндегі кейбір елді мекенде халық саны күрт азайып кеткенін атап өтіп, бұған бір кездегі аудандарды біріктіру жөніндегі шешімдер де ықпал еткені сөзсіз екенін жеткізді. Президент облыстардың ішкі аумақтық-әкімшілік құрылымында ойланатын тұстар бар екенін жасырмады.

«AMANAT» партиясы бірқатар шекаралас ауданды қалпына келтіру туралы бастама көтергенін білесіздер. Үкімет менің тапсырмаммен бұл мәселені пысықтады. Мен соған сәйкес Қатонқарағай, Марқакөл және Мақаншы аудандарын қалпына келтіру туралы негізгі шешімді

ШЕТКЕРІ АУДАНДАР –

ШЕКАРА

ҚОРҒАНЫ



қабылдадым. Әрине, бұған арнайы дайындық керек. Қажетті есеп-қисабын жасап, қаражатымызға, бюджеттің мүмкіндігіне қарауымыз керек. Тиісті жұмыстың бәрін биыл аяқтап, алдағы екі жылдың ішінде осы үш ауданды қалпына келтіре бастаймыз. Бұл — ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан қарасақ та, өте маңызды мәселе. Осы мәселені көпке созбай, шешуіміз қажет», — деді Президент. Аталмыш үш аудан соңғы 100 жылға жуық уақытта қолдан-қолға өтіп, әкімшілік аумағы жабылып-ашылу үдерісін бірнеше мәрте бастан өткізген тағдыры ұқсас өңірлер екен.

Мақаншы ауданы 1928 жылы Семей округінің құрамында құрылды. Екі жылдан соң таратылған. 1935 жылы қантарда Алматы облысына берілген. 1939 жылы қазанда Семей облысы құрамына қайта кіреді. 1997 жылы мамырда Семей облысы таратылып, артынша Мақаншы ауданы Үржар ауданына қосылады. Сол кездері өңірде 40 жылғы 50 мыңға таяу халық болған. Қазір екі есеге жуық азайып кеткен. Шекара бойындағы ауылдар аудан орталығынан 100-170 шақырымға дейін алыстаған. Өңірдегі азаматтардың айтуынша, Мақаншы ауылында тұратын халықтың қарасы Марқакөл мен Қатонқарағайға қарағанда көбірек.

Ал Марқакөл ауданы да 1928 жылы құрылып, екі жылдан соң жабылады. 1939 жылы ШҚО құрамында қайта ашылады. 1963 жылы Құршімге қосылады. 1997 жылы онтайландыру кезінде аудан үшінші рет таратылады.

Қатонқарағай ауданы да 1928 жылы құрылады. 1963 жылы Үлкен Нарынға қосылады. 1970 жылы қайта бөлініп шығады. 1997 жылы наурызда аудан орталығы Үлкен Нарынға көшіріледі. Аудан жабылмағанымен, орталық шеткі ауылдардан алыстап кетеді. Ол Ресеймен және Қытаймен шекаралас жатыр.

Айта кетерлігі, еліміздің шығысында таратылған және басқа аудандарға қосылған Тарбағатай, Марқакөл, Мақаншы

аудандары Қытаймен арадағы шекара сызығын бойлай қоныстанғаны белгілі.

ЕЛ ШЕКАРАСЫН БҮКІЛ ХАЛЫҚ ҚОРҒАЙДЫ

Осы шекара маңындағы аудандарда халық санының азайып кетуі көпшілікті аландатады. Өзекті мәселені көзі ашық, өңірге танымал азаматтардың дені көтеріп келе жатқалы 20 жылдан асып кеткен болатын. Елдегі экономиканың қиын тұсында, қаржы тапшылығын оңтайландыру арқылы шешу кезінде қысқарып кеткен шекара маңы аудандарының мәселесіне мемлекет қайта назар аудара бастады. Бұл мемлекеттің стратегиялық өңірлердегі қауіпсіздік мәселесіне келіп тіреледі. Қытай мен Ресей шекарасындағы елді мекендердегі демографиялық ахуал көңіл көншітерлік емес. Оған жұмыс іздеп, күнкөріс қамымен және баласының білім алуына жағдай жасау үшін орталықтарға қоныс аударған тұрғындарды қосыңыз.

Қатонқарағай ауданының құрметті азаматы, жазушы, ардагер журналист Әлібек Қантарбаев туған ауданының кеңес дәуірінде де, тәуелсіздік алғаннан кейін де бірнеше рет жабылып, бағы ашылмағанын атап өтті.

«Бір ауданға қосылған ауданның әлеуметтік жағдайы қарық болмайтыны бесенеден белгілі. 1997 жылы Үлкен Нарынға қайта қоса салды. Оның шекарада тұрғанын ешкім ойланбады. Аудан орталығын осы Катонқарағайда қалдырса, екі жакка да 100 шақырымнан ыңғайлы болар еді. Желдің өтінде жаудың бетінде жатқан Катонқарағайды неге басқа ауданға қосты? «Иен жерге жау үйір» дейді. Осыны айттып Үкіметке, Президентке де қаншама хат жазылды», — дейді Әлібек Қантарбаев.

Жазушының айтуынша, аудан халқының басты мәселесі — аудан жабылған соң халықтың басқа жактарға үлере көшуі және жұмыссыздық. Халық саны 90-шы жылдармен салыстырғанда бірнеше есеге азайып кеткен. Мектептердің бәрі бала саны аз болғандықтан жабылуың алдында



орталықтарды шекараға біршама жақын ауылдардан ашуды ұсынды.

Сарапшылардың пікірінше, шекара-лық аудандардың көркеюіне кедергі болып тұрған мәселенің бірі — жол, инфра-құрылымның дамымауы. Көпшілік ауыл жетуі қиын тұйық әрі сапасыз жолдың бойында жатыр, үлкен логистика орталықтарынан қашық орналасқан. Бұл өңірдің экономикалық әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіреді. Өнімдерді жеткізуді қиындатып, оның өзіндік құнын арттырып, бәсекеге сай саудалануына мүмкіндік бермейді. Сондықтан мұнда табысты кәсіп көзін қолға алудың өзі қиынға соғады.

ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАН ӨНІРЛЕР ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Әлібек Қантарбаевтың пікірінше, Катонқарағайда жеке шаруашылықтарды дамытуға мүмкіндік аз екен. Өйткені мал ұстауға қолайсыз. Қой жайылатын жер аз, тек сүтін сауып ішуге бір-екі сиырды ғана ұстауға мүмкіндік бар. Тауда қар қалың түсетіндіктен тек тебінмен шығатын жылқы ұстауға ғана қолайлы. Бұқтырма су қоймасын салғаннан соң өңірде жел күшейіп, топырақ эрозияға ұшырап, жердің де құнары кеткен. Оның үстіне, Кеңес үкіметі тұсында қойдың санын 50 млн-ға жеткізіміз деген ұранның кесірінен жердің құнарлы қыртысына зақым келген. Сондықтан мал шаруашылығын дамытуға мүмкіншілік аз.

Әлібек Қантарбаев өңірде қалған тұрғындарды тұрақтандырып, олардың мәселелерін шешіп беруді ұсынады. Қазір Ұлттық табиғи парк 400-500 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Ол аздық етеді. Ең алдымен жұмыс орындарын ашу керек. Ең басты фактор — туризм болуы керек. Сол үшін табысты туризмді барынша дамыту керек.



түр. Алайда ол кісі Катонқарағай бір айдан кейін аудан орталығына айнала салуына дайын екеніне сенімді.

«Бұрынғы аудан әкімшілігінің үш қабатты үйін қайта жөндеу керек. Орталықтағы терезесі кірпішпен жабылып тұрған екі қабатты көптеген үй бар. Соларды жөндеп, жарактандырып жіберсе, келген қадрларға үй болады. Елді мекенге кіреберісте, көпірдің маңайында 4 қабатты ғимарат 30 жылдай бос тұр. Соны жөндеп қойса, өңірге келетін туристерге үлкен қонақүйге жарап тұр», — дейді Әлібек Қантарбаев.

Қоғам қайраткері мемлекет өз қауіпсіздігі үшін шекараның бойына халықты топтайтынын айтып өтті. Алайда бізде жағдай керісінше. Ол шекара маңындағы елді мекендердегі халық санын арттырып,

Әлібек Қантарбаев Ресейдің Таулы Алтай өлкесіне барғанын еске сала кетті. Қосағашқа делегация бастап барған ол Шүй тасжолының сапасы жоғары екенін, оның капиталында туристер қаптап жүргенін есіне түсіріп, «осыны елімізде неге жасамасқа?» деген сұрақ қояды. Ардагер журналист туристің жол азабын жеңілдететін инфрақұрылымды жасап, таудың тасын жонып отырып жол салуды атап өтті.

Қайта құрылатын екі ауданның аумағында туризммен айналысып жүрген белсенді Дарын Нұрсапар да Марқакөлдегі туризмді тығырықтан алып шығатын жол мәселесі бойынша өз ұсынысын айтты. Ол 1914—1916 жылдары аустрия-мажар тұтқындары салған ескі жолды қайтадан жөндеуді ұсынады. «Марқакөлдің басқа аудандарды он орайтын өз артықшылықтары бар. Ең алдымен — табиғаты. Катонқарағайдан еш кем емес, екеуі де Алтайдың бір сілемінің арғы-бергі бетінде жатыр. Қиынкеріш, Шекелмес сияқты мезозой кезеңінен қалған палеонтологиялық ескерткіштер де осы жолда. Бірақ Марқакөл ауылынан көлге дейінгі 60-70 шақырым аралық қиын енді. Көлдің жағасында Ұранқай деген жұпыны ауылдан басқа түк жоқ. Келген адам судың жағасында жарты сағат тұрып қайтадан жолсызбен артқа қайтуы керек пе?» — дейді ол.

Дарын Нұрсапар туристер табиғат маржаны саналатын Марқакөлге үлкен тауды асып, өз көлігімен жетуі тиіс деп санайды. Ол үшін бір ғасыр бұрын салынған Шыңғыстайдан баратын ұзындығы 90 шақырым түсетін ирек асу жолды кеңейтіп жөндеп, арадағы 5 көпірді жаңарту қажет. «Егер бұл жол салынса, «Үлкен Алтай шенбері» деп атауға болатын ауқымды туристік автосаяхат маршруты пайда болар еді. Тек қана джип мінгендер емес, қозғалтқыш көлемі 1.6 литр автомобилі бар кез келген қазақстандық ойланбай жолға шығар еді. Қиынкерішті көріп, Марқакөлге шомылып, балығын аулап, жаңартылған ескі аустрия жолымен Алтай тауын асып өтіп, Катонқарағайды аралап қайту — қазақстандық саяхатшылардың «қажылығына» айналар еді», — дейді Дарын Нұрсапар.

Қоғам қайраткері, журналист-публицист Уәлихан Токпатаев Марқакөл ауданы бұрын ауыл шаруашылығы дамыған аудан болғанын айтады. Аудан орталығы басқа өңірге қосылған соң халықтың көбі көшіп кеткен. Алайда ол аудан қайта қайта құрылса, оның дамып кетуіне мүмкіндігі жеткілікті екеніне сенімді.

«26 жылда халық саны өте азайып кетті. Халықты тұрақтандырудың бір жолы әлеуметтік қолдау керек. Көшіп келетіндерге көтерме өтемақы төлеп, жұмыс орнын ашу керек. Марқакөл — мал шаруашылығы дамыған өңір. Алайда оның өнімдерін өндейтін кәсіпорындар ашу керек. Өңірдің өндірістік даму қуаты бар. Мысалы, «Қаршыға» мыс кен орны жұмыс істеп жатыр. Осындай табиғатқа залал келтірмейтін өндірістерді жаңғырту керек. Табиғаттың ең көркем жері көп, туризмді ілгерілету қажет. Ол үшін инфрақұрылымды, сервисті дамыту керек, алайда ол тез арада біте қоймайтыны анық. Күршімнен ары қарай жол шұрқ тесік. Сондай-ақ Бұқтырма су қоймасындағы көпірді уақытында аяқтаса, туристер саны көбейер еді. Ол да халықтың орнығыуына ықпал етеді», — деді Уәлихан Токпатаев.

Ардагер журналист Қытаймен шекаралас өңірде кеден бекеттерін ашуды ұсынды. Қазір Майқапшағайда кеден бекеті жұмыс істеп тұр.

«Осындай кеден бекеттерін ашса, Қытаймен тауар алмасуға мүмкіндік ашылып, табыс көзі артар еді. Оны шекарадағы Ақжайлау, Асу жағынан, Жиделі жағынан ашуға болады. Алайда бұл мемлекеттік

денгейде шешілетін мәселе», — деді ол.

Уәлихан Токпатаев өңірге бұрын көшіп кеткен тұрғындардың ұрпағын, жастарды тартуды ұсынады. Сонымен қатар ол қандастарды, халқы тығыз қоныстанған оңтүстік өңірдің тұрғындарын солтүстік өңірлерге ғана емес шығыстағы шекара маңындағы елді мекендерге көшіріп, орналастыру керектігін баса айтты.

Токтеріне тоқталсақ, үш ауданның даму әлеуетіне сенім әрі серпін берер қайнаркөз бар екені белгілі болды. Тек инфрақұрылым, жергілікті кәсіп пен өнеркәсіпке білікті мемлекеттік қолдау қажет. Сондай-ақ экономиканың иріп өктер әдами капиталды тартуға және демографияны көтеруге сауатты бағдарлама қолға алынуы тиіс.

ҚАЙТА АШЫҚ ТЕНДЕР АМАЛЫМЕН «АУАНЫ БАПТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР» ҚЫЗМЕТТЕРІН САТЫП АЛУДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Ауаны баптау жүйелеріне сервистік қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 18, жалпы сомасы 35 433 402,84 теңге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-79.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЗАКУПКИ УСЛУГ «УСЛУГИ ПО СЕРВИСНОМУ ОБСЛУЖИВАНИЮ И РЕМОНТУ СИСТЕМ КОНДИЦИОНИРОВАНИЯ» СПОСОБОМ ПОВТОРНОГО ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Услуги по сервисному обслуживанию и ремонту систем кондиционирования». (Количество лотов — 18, на общую сумму 35 433 402,84 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов 01 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-79.

«ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ, ДЕТЕКТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ» ТАУАРЛАРЫН САТЫП АЛУ БОЙЫНША АШЫҚ ТЕНДЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЙТА АШЫҚ ТЕНДЕРДІ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өлшеу құралдары, детекторлар және олардың құрамдас бөліктері» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Өлшеу құралдары, детекторлар және олардың құрамдас бөліктері» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны — 15, жалпы сомасы 284 777 478,11 теңге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О РЕЗУЛЬТАТАХ ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА И ПРОВЕДЕНИИ ПОВТОРНОГО ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА ПО ЗАКУПКЕ ТОВАРА «СРЕДСТВА ИЗМЕРЕНИЙ, ДЕТЕКТОРЫ И ИХ КОМПЛЕКТУЮЩИЕ».

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке товара «Средства измерений, детекторы и их комплектующие» – несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется повторный открытый тендер по закупке товара «Средства измерений, детекторы и их комплектующие». (Количество лотов — 15, на общую сумму 284 777 478,11 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 01 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

ҚАЙТА АШЫҚ ТЕНДЕР АМАЛЫМЕН «ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ» МГ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ КОРРОЗИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН КЕШЕНДІ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕР» САТЫП АЛУДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Қазақстан-Қытай» МГ объектілерінің коррозиялық жай-күйін кешенді тексеру және бағалау жөніндегі қызметтер» сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 7, жалпы сомасы 668 285 714,26 теңге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 01 шілде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЗАКУПКИ «УСЛУГИ ПО КОМПЛЕКСНОМУ ОБСЛЕДОВАНИЮ И ОЦЕНКЕ КОРРОЗИЙНОГО СОСТОЯНИЯ ОБЪЕКТОВ МГ «КАЗАХСТАН-КИТАЙ» СПОСОБОМ ПОВТОРНОГО ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке «Услуги по комплексному обследованию и оценке коррозионного состояния объектов МГ «Казахстан-Китай»». (Количество лотов — 7, на общую сумму 668 285 714,26 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 01 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов 01 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

ҚАЙТА АШЫҚ ТЕНДЕР АМАЛЫМЕН «КЕҢСЕ КҮЗЕТУ» ҚЫЗМЕТТЕРІН САТЫП АЛУ БОЙЫНША ТЕНДЕРЛІК ӨТІНІМДЕРДІ ҰСЫНУДЫҢ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Ашық тендердің нәтижелері мен «Кенсе күзету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер қайтадан өткізу туралы хабарландыруда («АЙҚЫН» газеті 2023 жылғы 15 маусымдағы №66) көрсетілген сома бөлігінде кате жіберілген (Лоттар саны — 1, ҚКС-ты есептемегенде, жалпы сомасына 34 374 627,00 теңге), баяндалған негізінде, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Кенсе күзету» қызметтерін сатып алу бойынша тендерлік өтінімдерді ұсынудың мерзімін ұзарту туралы жариялайды (Лоттар саны — 1, ҚКС-ты есептемегенде, жалпы сомасына 30 025 184,40 теңге).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 15:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 01 шілдеде, сағ. 16:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОДЛЕНИИ СРОКА ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ТЕНДЕРНЫХ ЗАЯВОК ПО ЗАКУПКЕ УСЛУГ «ОХРАНА ОФИСА» СПОСОБОМ ПОВТОРНОГО ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА

В объявлении о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Охрана офиса» (газета «АЙҚЫН» №66 от 15 июня 2023 г.) допущена опечатка, в части указанной суммы (Количество лотов — 1, на общую сумму 34 374 627,00 тенге без учета НДС), на основании изложенного ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о продлении срока предоставления тендерных заявок по закупке услуг «Охрана офиса» (Количество лотов — 1, на общую сумму 30 025 184,40 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 15:00 часов 01 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 16 часов 00 минут 01 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЗАКУПКИ УСЛУГ «ЯЗЫКОВЫЕ ПЕРЕВОДЫ» СПОСОБОМ ОТКРЫТОГО ТЕНДЕРА

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Языковые переводы». (Количество лотов — 5, на общую сумму 64 069 327,70 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 10 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 10 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«Резервтік спутник байланыс қызметтерін» сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Резервтік спутник байланыс қызметтерін» сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке «Услуги резервной спутниковой связи»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке «Услуги резервной спутниковой связи» — несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

**77 жастағы жамбылдық өнертапқыш Марат Аюбаевтың өзінің талай жылғы еңбегін, нақтырақ айтқанда, өзі ойлап тапқан жобаларын іске асыра алмай жүргеніне ширек ғасырдың жүзі болыпты. Ішінде өрт сөндіруге, жылыту пештеріне, түтінді сүзіп алып, атмосфераға жібермеуге қатысты және тағы да басқа жобалар бар. Кешегі Абай облысында болған өрттен кейін ол қаншама адамның қазасына қайғырып, қайтадан жорық жолына шығып отыр. Ендеше ағамыздың өнертабыстарын өз аузынан естийік.**

— Марат аға, саналы өміріңізді сарп еткен жаңалықтарыңыз қандай?

— Осы ғұмырымда ғылымның әр саласына байланысты 30 жаңалық аштым. Барлық 30 жаңалыққа патент алғанмын. Соның ішінде бір-екеуін тарқатып айтып берсем. Мұнай базаларында алапат өрт болып, көптеген адам қаза болып, қыруар шығын келіп жатқан оқиғаларды білеміз. Мәселен, Жамбыл облысы Меркі ауданында 4 адам өліп, 1 млрд-тан артық шығын келген оқиға болды. Шымкентте 1-2 адам өліп, 1 млрд-тан астам шығын келді. Сол сияқты былтыр Украинада осындай өрттен 20 адам өлді. Бұл тек кейінгілері ғана. Ал оған дейін де қаншама рет мұндай оқиғалар болып жатыр. Осындай жаңалықтарды көріп-біліп отырғаннан кейін өзім өрт маманы емеспін, бірақ Жамбылда Гидрометеорологиялық-құрылыс институтында оқығаннан кейін осыған қарсы бір нәрсе ойлап табу керек деген шешімге келдім. Шынымды айтсам, қайтқан адамның көбі жап-жас өрт сөндіруші жігіттер екен, артында аныраған ата-анасы, бала-шағасы қалып жатқанын көріп қапаландым. Содан тек өрт сөндіру саласының өзінде 5-ке жуық жаңалық аштым. Мысалы, мұнай базаларында үлкен-үлкен мұнай немесе жанар-жағармай сақтайтын қазандық ыдыстар болады. Сол ыдыстар «ҚНМЕ» (құрылыс нормалары мен ережелері) бойынша өрт болған кезде ішіндегі қысымнан қақпағы ұшып кетуі керек екен. Сонда үлкен жарылыс болмайды делінеді. Десе де, бұл жерде заңды ойлап тапқан адамдар дұрыс жасамаған. Өйткені ауызы ашылған соң оған ауа барады да, ол одан сайын өртенеді. Оны сөндіру де мүмкін болмай кетеді. Қарайған жанар-жағармай өртегіп, далаға кетіп шығын болады. Одан соң шатырының өзі салмаққа ие, интернеттен қарасам, ол 30-50 метр жерге ұшады екен. Ол сол манда тұрған техниканы, адамдарды басып қалады. Ал жанында тұрған ыдысқа тиіп, оны тесіп өтсе, өрт одан сайын ұлғаймай ма? Міне, осының бәрін ескере отырып, оны өшірудің басқаша жолдарын іздестіре бастадым.

Өзім 45 жылдай жылу-энергетика саласында жұмыс істегем. Сонда қазандықтарда жарылыс болып тұрады. Бірақ бізде қазандықтың үстінде жарылыстан сақтандыру клапаны деген қойылады. Сол ауа қысымын реттеп, ауаны сыртқа шығарып жіберіп тұрады. Ауа шектен тыс жиналмаған соң ол жерде жарылыс көп болмайды. Болған күнде де мұнай базаларындағыдай үлкен болмайды. Осыны негізге алып, «ҚНМЕ»-ге өзгеріс енгізуді ұсынып отырмын. Оны өзгертпей, қазандықтарға клапан қою мүмкін емес. Өйткені «ҚНМЕ»-ні бұзуға болмайды. Ал бұған дейін бірден клапан қою неге ешкімнің ойына келмегенін білмеймін. Сондай-ақ осы «ҚНМЕ»-де екінші мәселе бар. Ол — өртті ұнтақпен немесе көбікпен өшіру мәселесі. Өзіңіз білесіз, осылай өшіру кезінде қаншама адам қаза тауып жатыр. Ал өшіргеннің өзінде ұнтаққа былғанған мұнай немесе жанар-жағармай пайдаға жарамай қалады. Ол дегеніміз — бөленбай мың тонна ресурс. Оны утилизацияға жіберу керек немесе сүзгіден өткізіп тазарту немесе қайта өңдеу қажет. Қазандықтың ішін тазалау өз алдына жұмыс. Мұның

**Марат АЮБАЕВ, өнертапқыш:**

# ЖАҢАЛЫҚТАРЫМ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛЫП КЕЛЕДІ

бәрі миллиардтаған қосымша шығын. Міне, осы реттен келгенде де «ҚНМЕ»-ні өзгерту керек. Менің жаңалықтарым осыған қатысты. Бірінші кезекте жарылыстан сақтандыру клапанын қою керек. Ол ауа қысымын реттеп тұрады. Одан соң өртті ұнтақпен немесе көбікпен сөндірмеу керек.

— Заңға өзгеріс енгізу керек деген бастамаңыз мықты екен. Енді ұсынысыңызға көшсек.

— Менің жаңалықтарым химия, физика, биологияның заңдарына негізделген. Жаңа айтқанымдай, қазандықтарға бірінші кезекте клапан қою қажет. Ол ауа қысымын реттеп тұрады. Одан соң ол жерге автоматты түрде өрт сөндіру жүйесін орнату керек. Әдеттегі ғимараттарға орнатылатын жүйе. Бірақ онда су пайдаланылады ғой. Ал мен судың орнына инертті газдарды қолдануды ұсынып отырмын. Өйткені инертті газ өртті қолдамайды, сосын өзі де жанбайды. Одан соң олар ауадан ауыр газдар. Аргон екі есе, криптон үш есе, ксенон 5 есе ауыр. Осы газдарды баллонмен сақтап, түтікшелермен әрбір қазандыққа апарып қоямыз. Әр ыдыстың көлеміне қарай қанша газ керек екені артығымен алдын ала есептелеп қойылады. Цистернаның ішіне өрт датчигі орнатылады. Сонымен, өрт



жеңіл, ауадан ауыр. Осылайша, ешқандай да орасан шығынға апармай осы өрт мәселесін шешуге болады. Одан бөлек, күндіз болсын, түнде болсын «өрт бол-

шеміз. Бірақ осы ойымды іске асыру үшін менің бармаған жерім, ашпаған есігім жоқ. Бұрынғы Божкоға да, Ильинге де хат жазып, осыны «өндіріске енгізейік» деп сұрадым. Бірақ олар маған «жер жүзінде мұндай тәсіл жоқ» деп жауап жазып жіберіпті. Керісінше, ол мені шақырып, одан соң ғалымдардың басын қосып, ақылдасып, сосын осыны іске асырса, сол дұрыс емес пе? Өз басым осы жаңалығымды аркалап көптеген ғалымға, сарапшыларға бардым, бәрі қолдап отыр.

— Жаңа бір сөзіңізде өрт сөндіруге қатысты 5 жаңалық аштым деп айтып қалдыңыз. Ол қандай жаңалық?

— Ол — көпсалалы өрт машинасы және өрт тікұшағы. Нақтырақ айтқанда, олардың жетілдірілген нұсқасы. Мен жанадан машина немесе тікұшақ ойлап тауып отырған жоқпын, олардың өртті сөндіру әдістерін дамытып отырмын. Өздеріңіз білесіздер, өрт шығып, өрт машинасы барған кезде олардың алып барған суы тек жарты сағатқа жетеді. Одан соң ол бригада не қосымша күш шақырады, не өздері уақыт өткізіп, қайтадан су толтыруға барады. Өйткені кез келген жерде өрт сөндіру гидранттары жоқ. Бұл түк пайдасы жоқ деген

тірлік. Қалған уақытта өрт сөндірушілер сабалақпен сабап, су шашып, өртті оқшаулауға мәжбүр. Көп адамның өліміне әкеліп, экологияға зиян тигізіп, қарайған шығынға батып жататын жағдайымыз да осы техникамыздың шарасыздығына байланысты. Елімізде бір кездері өрт техникасы өндірісін жолға қою керек деген бастама көтерілді де, біздің мамандар Ресейден барып, «Пира» деген үш машинаны сатып алды. Сол кездің өзінде олардың біреуінің құны 180 миллион теңге тұратын. Ол үш машинаның біреуін Астанаға, біреуін Алматыға, біреуін Қарағандыға жіберді. Қарағандыға барып, сол машинаны тауып алып, көрдім. Сөйтсем, ол машинаның ішінде суды 165 градусқа дейін қыздыратын қазандық қойылған екен. Өрт мамандарымен сөйлесем, ол да солай, жарты сағат жұмыс істейді дейді. Бірақ бұрынғы өрт машиналарына қарағанда жақсы сөндіреді деп мақтап отыр. Осыдан соң мен «қой бұлай қарайған ақша шығындап, шеттен машина алдыртқанша мен Таразға барып, өрт машинасын ойлап табайын» деп шештім. Сөйттім де, бұмен өрт сөндіретін машина ойлап таптым. Бұл машинаның ішінде бу қазандығы орналасқан. Физиканың заңында 1 көлем судан 5 000 көлем бу алуға болатыны дәлелденген. Бұл дегеніміз — өте үлкен көлем. Ал енді өрт орнына келген кезде бұл машина тоқтаусыз 24 сағаттан артық жұмыс істейді. Өйткені оның буы бітіп қалмайды. Өртті төрт түрлі тәсілмен өшіреді: сумен, бұмен, бу араласқан сумен және инертті газбен. Оны тағы да көбейтіп, ұнтағы бар, көпіршігі бар 7-8 түрлі тәсілге дейін жеткізуге болады. Ол енді қажеттілігіне қарай. Бұды пайдаланудың артықшылығы — оның шлангасы өте жіңішке 25 миллиметр болады, тасымалға жеңіл, пайдалануға оңай.

Одан соң өрт тікұшағы дегенді ойлап таптым. Оның ерекшелігі — қауғамен су тасымалдайды. Қауғаның орнында өрт сөндіруші отыратын кабина болады. Ұшқышпен байланысып отырады да, сол жерде гидрантпен, жаңағы айтқанымдай, сумен, бұмен, бу аралас сумен, инертті газбен мергендеп атып, өртті өшіреді. Тікұшақ қалықтап тұрған кезде кабинаны жоғары-төмен түсіріп, мінгізіп тұратын педаль болады. Оның макеті, жобасы бәрі дайын. Жалпы, менің жаңалықтарымның қай-қайсысының да құжаттары дайын, тіпті патенттері де бар. Жыл сайын сол патенттерінің ақшасын төлеп отырмыз. Бірақ әлі бірде-біреуі іске аспай келеді. Бұл жұмыстардың бәрін мен немереммен бірге жасап келген едім. Осы жұмыстарда оның да өлшеусіз үлесі бар. Енді біздің мемлекеттің өнертабысқа деген қарымқатынасын көріп көңілі қалып, немерем қолын бір сілтеп қойды.

— Сонда өнертапқыштарға жол ашу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

— Шынымды айтсам, өнертапқыштықпен айналысып келе жатқаным 25 жылдай уақыт болды. Содан бері бірде-бір жаңалығым іске аспай, шаң басып жатыр. Бірақ сонда да болса, тоқтауды ойлап отырғаным жоқ. Ғұмырым жеткенше осы идеяларымды ұсына беретін боламын. Олардан елімізге өте көп пайда келер еді. Менің ойымша, өнертапқыштарға басқаша қарайтын кез келді. Бірінші кезекте республикалық штаб құру қажет. Сол жерге ғалымдарды жинап, ұсынылған идеяларды тез талқылап, жедел іске асыру жағын жолға қоюымыз керек. Ол штаб тікелей Президент Әкімшілігіне бағынар болса, жұмысы жүреді. Қаржы бөлу жағы да жылдамдар еді. Бұл шығынды көп қажет ететін сала болады деп санамаймын. Табысы да зор болмақ. Менің жаңалықтарымының өзі жер бетінің көптеген еліне тарап, елімізге қыруар қаржы әкелер еді. Өйткені оларды өрттен басқа да салаларда пайдалануға болады. Мәселен, коронавирус, құс тұмауы сияқты эпидемия кезінде зарарсыздандыру жұмыстарын да атқаруға жарайды. Мен осы идеядан айырылып қалмау үшін, басқалар алып кетпеу үшін патенттерімді тапсырмай отырмын. Ал егер сіздер арқылы тиісті органдар мен ведомстволардың құлағына жетіп, қолдау тауып жатса, құба-құп.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Нұрлан ҚОСАЙ

Тарихы сан қатпарлы Қапал ауданы тарқап, аумағы мен ауылдары Ақсу және Ескелді аудандарына бөлініп кеткелі де ширек ғасыр өтті. Соншама уақыт өтсе де, сол кезден қалған, әлі күнге шешімін күткен шетін мәселелер жетіп артылады. Кейбір елді мекендердің өзі Ескелдіде қалса, шаруашылық жерлерінің, оның ішінде жайылым, шабындықтарының, қыстаулықтарының Ақсу ауданының қарамағындағы аумақта қалғаны да сол түйінді тұстардың бірі. Осылайша, жылдар бойы шөре-шөре күй кешіп, мәселелерін шешу үшін жүздеген шақырым қашықтықтағы аудан орталықтарына сабылатын қарапайым халық заманында отар-отар қой, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы өргізіп, мыңдаған гектар егін өсірген ауылдарының ертеңіне алаңдаулы. Қытаймен екі арадағы шекарадағы жұмаққа бергісіз жерлерге орналасқан кейбір елді мекеннің біразы тарқап та кеткен, енді бірінің тағдыры қыл үстінде тұр. Соның бірі – біздің газетте жағдайы бірнеше мәрте қозғалған Ақтөбе ауылы. Бірақ бұл жолғы әңгіме тым шалғайда орналаспаған, бүгінде Ескелді ауданына қарайтын, қазаққа Сайын Мұратбековтей қоңыр мінезді жазушыны, Ғали Ормановтай ойы орамды ақынды, Қажыбек Бекбосыновтай халқы қадірлеген әншіні, сазгер Мәлс Керейбаев сияқты қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларды тарту еткен Қоңыр ауылы туралы болмақ.

Біз Сайын ағамыздың «Жабайы алма», «Дос іздеп жүрмін», «Менің қарын-дасым» және тағы да басқа кітаптарын жастанып оқып, сондағы адал да аңғал, арманшыл кейіпкерлерге еліктеп өстік. Сондықтан да болар, Қоңыр ауылын көру арман болатын. Журналистік қызметтің арқасында ол да орындалды. Бірнеше мәрте жолымыз түсті. Осыдан 20 жыл бұрын ауылдағы кітапхананың жағдайына байланысты мәселеге орай барып, күрделі мәселенің күрмеуін таркатқандай болған-быз. Одан соң да жолға, ауызсуға, жерге және тағы басқа да әлеуметті әлекке салған жағдайларға қатысты бірнеше рет жол түскен. Алайда соңғы барғанымызда жазы хан жайлауға бергісіз, қысы да жұртқа қолайлы, көрікті жерге қоныстанған елге елеулі елді мекеннің бүгінгі жағдайы, қазаққа әдебиет пен мәдениеттің небір маркасқаларын тарту еткен берекелі ауылдың дәл қазіргі кездегі қоңыртөбел тірлігі көңілге көленке түсірді, іштей қынжылтты.

Қоңыр ауылы орналасқан аймақтың жазы қоңыр салқын, қысы жайлы. Жері түгін тартса, майы шығатындай құйқалы. Ауылдағы қариялардың айтуынша, тоқырау жылдарында да тоза қоймаған құтты қоныстың күйі аудан тарқағаннан кейін-ақ каша бастаған. Заманында 300-ден астам отбасы мекен етіп, жұртының мерейі тасып тұрған елді мекенде қазір 200-ге жетер-жетпес үй қалыпты. Барлық тұрмыстық, руханияттық жағдайларға қолжетімді еткен кеңестік кездегі инфра-құрылымдық нысандардың жұрнағы ғана қалған.

— Қоңыр — тарихы терең ауыл. XIX ғасырда Қапал мен Талдықорғанның арасын байланыстырған пошта бекетінің бірі осы жерде орналасыпты. Қазақтың әйгілі тарихшысы, жиһанкез Шоқан Уәлиханов Ыстықкөл сапарында Қоңырдың іргесіндегі Көкжазыққа киіз үй тіктіріп, демалып аттанған. Кеңестер Одағы кезіне де ризамыз. Ауылымыз адам танымастың өзгеріп, өркендеген болатын. Сүт фермасы, механикаландырылған техникалық стансасы, мектеп-интернат, сауда орталығы, емхана, кеңшар кеңсесі, диірмен, қырман, басқа да халыққа қызмет көрсететін нысандарда жұмыс қайнап жататын. Шаруашылықта 70 мың бас қой, мың тұяқ жылқы, бірнеше мың бас ірі қара жаз жайлауда, қыс қыстауда бағылып-қағылатын. Қысылып-қымтырылмайтынбыз. Жазда Бала Қорадан Түйтеге дейінгі шұрайлы алқапты жайлап, қыста Молалы (қазір Ақсу ауданына қарасты) жактағы құм арасын қыстап, малымызды жұтатпайтынбыз. 1969 жылғы қыста көрші кеңшарлардың малшылары ақ таяғын ұстап қалғанда қоңырлықтар жемшөп, азық-түлікпен көмектескені есімде. Мектебіміз, Мәдениет үйіміз қандай еді! Қазақтың небір бұлбұл үнді әншілерінің концертін тамашалайтынбыз. Аудан тарқаған соң соның бәрі біртіндеп тұра-лап, ақыры құрып тынды, — дейді ауылдық аксақалдар кеңесінің төрағасы Исламғали Дөрменбеков.

Дегенмен ауызды құр шөппен сүртіп, қара аспанды суға алдыра берген де жөн емес. Ауылдың әкімі қолдан келген жұмыстар атқарылып жатқанын, ауылдың бүгіні бекем, ертеңі жарқын болуы жолында барлық мүмкіндік қарастырылып,



# ҚОҢЫРДАҒЫ ҚОҢЫРТӨБЕЛ ТІРЛІК

тиісті деңгейде қолдаулар көрсетіліп отырғанын айтады.

— Еңбек жолымды осы ауылда бастап, елмен бірге барлығын бастан өткеріп келемін. Жұрт сенім артып, 2017 жылы ауыл әкімі болып тағайындалған едім, 2021 жылы қайта сайландым. Осы жылдар барысында қолымнан келгенін істеуге тырысканымды жерлестерім жақсы біледі. Бірақ қол қысқа, кейбір шаруаларға шаманың келмейтіні де рас. Ақын Сара ауылынан Қоңырға дейінгі жол асфальтталды, ауылға кіреберіске қар тосатын тосалғылар жасалды, округке қарасты Көктөбе, Қоңыр ауылдарына ауызсу тартылды, Қоңырдағы 2 көшеге жарық шам орнатылды. Көктөбе ауылындағы мектепке күрделі жөндеу жұмысы жүр-

жок. Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Зейнеп Қойшыбаева апаларымыздың өнерін қазір тозығы жетіп, топырағы шыққан нысанда отырып тамашалап едік. 300 адамдық залы, киім-кешек ілетін орны, әр бөлмеде шығармашылық топ, кітапхана, тағы да басқа қызмет кабинеттері жұртқа қызмет көрсететін, — деп өткенді өкінішпен еске алады ауыл тұрғыны Қанат Күдербаев.

Үлкен ауылдың руханият ордасы болған мәдениет үйі жекешелендіру жылдарында жекеменшікке өтіп, біраз жыл қараусыз қалған. Бірер жыл бұрын ауылдан шыққан меценат азаматтар тозығы жеткен клубты сатып алып, оны ауылдық әкімдіктің балансына өткізіпті. Бірақ әбден бүлінген, тозғын-тонауы

Қоңырдағы келесі күрделі мәселенің бірі — ауылшілілік жолдардың мүлде сын көтермейтіні. Елді мекенде 9 көше бар. Бірақ олардың асфальт жабындысы жанартылмағалы жарты ғасырдан асқан. Ойдым-ойдым, шұрық тесік. Былтыр бір көшеге асфальт төсеу жұмысын бастаған мердігер — «Жаңа жол» ЖШС өзінің мойнына алған міндетті толық атқармапты. Ақыры тапсырыс беруші Ескелді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жауапсыз мердігерді сотқа берген. Сот «Мердігер биыл жол құрылысының қалған бөлігін толық бітіреді» деп шешім шығарғанымен, мердігер мыңгер еткен емес. Биыл ауылдағы тағы бірнеше көшені асфальттау жөніндегі ұсыныс аудан тарапынан мақұлданбапты. Соған қарағанда, Қоңырдағы жолды бүгіндеудің жыры біразға дейін біте қоймайтындай.

Ауылдағы тұрғындар тарапынан түсінбестік тудырған кезекті нысан — құрылысы өткен жылы бітуге тиісті болған спорт алаңы. Орталықтағы атшаптырым алаңкайдың бір шетіне жайғасқан нысан тұрғындардың бос уақытында демалатын, жастардың денешынықтырумен шұғылданатын орнына айналуы тиіс еді. Бірақ салынған кезден бастап салғырттыққа тап болып, алғашқы кезден-ақ сық кеткен спорт алаңының қазіргі күйіне қарағанда, ол пайдалануға мүлде жарамсыз. Осылайша, мемлекеттің миллиондары кезекті рет құрдымға кеткен. Әр жерге қадай салған жаттығуға арналған құрал-жабдықтардың сапасы сын көтермейді. Жұмыс талапқа сай орындалмағандықтан, ауыл әкімдігі оны қабылдаудан бас тартыпты. Басқасын айтпағанда, спорт алаңын қоршаған темір тордың сапасыз



гізіп, оның бір бөлігін қысқы спорт түрін өркендететін лагерьге айналдырмақпыз. Ауылымыз қысқы спорт түрін өркендетуге өте ыңғайлы жерде орналасқан. Сондықтан бұл лагерьде облыстың түкпір-түкпірінен жиналған жастар қысқы спорт түрлерінен жаттығатын болады. Бұл бір жағынан жастарды спортқа бейімдесе, екінші жағынан ауылға жас мамандардың тұрақтауына ықпал етеді деп ойлаймын. Жастар тұрақтаса, жаңа отбасылар көбейіп, дүниеге келетін сабилер есебінен халық саны да артады. Ауылда балалардың ойын алаңы салынды. Мал басы өсіп, егіс алқабының аумағы артып келеді. Амбулаториямыз заманға сай жаңғыртылып, екі жыл бұрын ағымдағы жөндеу жұмысы істеліп, емдеу мекемесі қажетті заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталды. Мамандармен қамтылды. Дәрі-дәрмек жеткілікті, бір санитарлық көлік бар, — дейді ауыл әкімі Арай Құлахметов.

Бір өттеген-айы, ауылда Мәдениет үйі жок деуге болады. Қараусыз қалып, тозығы жеткен, қабырғасы қаусап, аңғалсанғалы шыққан есік пен терезесі үнірейген бұрынғы руханият ордасы бүгінде ауылдың көркін бұзып тұр.

— Қоңыр ауылы — қазақ мәдениеті мен өнері, әдебиетінде ерекше орны бар қаламгерлер Ғали Орманов пен Сайын Мұратбеков, Қазақстанның Халық әртісі Қажыбек Бекбосынов, сазгер Мәлс Керейбаев сияқты тұлғалар туған елді мекен. Мұндағы мәдениет үйі 1971 жылы қолданысқа берілген. «Жетісу толқындары» фольклорлық-этнографиялық ансамбль бірінші рет осынау сұрқы қашқан Мәдениет үйінде құрылған» дегенге бүгінде басқаны айтпағанда, өзіміз де әрең сенеміз. Бір кездері облысты дүрілдеткен «Қырықбаевтар отбасылық ансамблі» үлкендер әлі ұмыта қойған



жеткен үлкен нысанды қайта жөндеуден өткізу үшін аз қаржы кетпейтіні анықталып, оны бюджеттен қаржыландыру мүмкін емесі алға шығады. «Ескіні жөндесен, есін шығады» дегенді ескерген ауыл аксақалдары мен атқамінер азаматтар аудан, облыс басшыларына ұсыныс айтып жүріп, биыл ауылдан жаңа модульдік мәдениет үйі салынуына қол жеткізген сынайлы.

— Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың аудан тұрғындарымен кездесуінде Қоңыр ауылындағы мәдениет үйінің жағдайын айтып, ұсынысымызды ортаға салып едік. Өңір басшысы оны мұқият тындап, дұрыс шешім қабылдады. Алдағы кезде құны 159 млн теңгеге бағаланған 140 орынды модульдік мәдениет үйі салына-тынын айтты. Қазір жер телімі алынып, тиісті құжаттары рәсімделіп, керекті қаржысы қарастырылуда, — дейді ауыл әкімі.



материалдан жасалғаны көзге бірден ұрады. Сүйенсең, құлай кетері сөзсіз. Онымен салыстырғанда, 1969 жылы салынған мектептің қоршауы әлі сыр бермеген. Мердігер компания спорт алаңының жұмысын биыл толық бітіріп беруге уәде етіпті. Бірақ өткен жылы игерілмеген қаржы аудандық бюджетке қайтарылғандықтан, бұл жобаның соны да сырқұйымшаққа салынып, сабыл-тары айдан анық.

Елді мекендегі еңселі мектептің жағдайы да мәз емес. Сырттан келген жаның көзі бірден тозығы жеткен сыртқы қабырғалары мен бояуы онып кеткен шатырға түседі. Ғимараттың іші де қарық болып тұрған жоқ. Жарты ғасырдан астам жөндеу көрмеген білім шаңырағы әбден тозып біткен. Өткен ғасырдан қалған есік-терезелердің жыртық-тесігінен жел аңырайды. Ашып-жабудың өзі мұң. Жазғы жағдайы осындай болғанда, қақаған қыстағы оқушылардың қалтырауын көзге елестетудің өзі қиын. Жауынға қамсау бола алмаған шатырдан өткен ылғалдан сарғайып кеткен төбе, аттап қалсаң шаңы бұрқ ете қалатын ағаш еден. Осындай мүлде жайсыз орында оқып жатқан оқушылар мен оларға білім беріп жүрген мұғалімдердің шыдамдылығына еріксіз тәнті боласын.

Мектепті күрделі жөндеуден өткізуге қатысты жобалық-сметалық құжаттама жасалып, білім шаңырағын заманауи қалыпқа келтіруге керекті қаражат есептеліп, аудан әкімдігіне ұсыныс жасалғанына бірнеше жыл болыпты. Өкінішке қарай, жыл сайын ауданның жоспарына кірмей қалады екен. Сонымен бірге ауылдық округтегі тірліктің тірегі, тұрғындардың түрлі мәселемен жүгінер орны болып саналатын ауыл әкімдігі орналасқан ғимараттың сыртқы келбеті де кісіні өзінен кері итеретіндей екені көңілге кірбін түсіреді. Екі қабатты ғимаратта ауыл әкімдігінің қызметкерлері, кітапханашылар, пошта қызметі, мал дәрігері мамандары, тағы да басқа халыққа қызмет көрсететін қызметкерлер сығылысып, орналасқан. Ауыл әкімі екі жыл бойы жүгіріп жүріп, ғимаратты ауыл әкімдігінің балансына өткізіп алыпты. Алдын ала болжам бойынша оны күрделі жөндеуден өткізу үшін 208 млн теңге қажет екен.

Қоңырдағы 200 шаруа қожалығының қарамағында егін және мал шаруашылығымен айналысатын 49 мың гектар жер бар. Алайда мал басы жыл сайын өсетіндіктен, тұрғындарға жайылым, жайлаулық, күзеулік, қыстаулық жердің тапшылығы өзектеніп түскен. Елді мекен кезінде Қапал ауданының құрамында болғанда қыстауы да, жайлауы да соған қарайтын. Кейін Ескелді ауданының құрамына өткенде шаруашылықтар мен тұрғындардың жайлаулық және қыстаулық жері Ақсу ауданының аумағында қалып қойыпты.

Ауыл тұрғындарының қолындағы малын жаюға 3 600 гектар жер қарастырылған. Соған қарамастан жайлау мен қыстау жетіспейді. Биыл аудан әкімдігі тарапынан Қоңыр ауылдық округінің шаруа қожалықтарына Шажа өзені бойынан 900 гектар жайылым бөлініпті. Бірақ оған ұсақ мал барғанымен, жылқы мен ірі қара малына жарамайды. Кезінде Қоңырға қарасты болған, бүгінде Қапал орман шаруашылығы мекемесінің қарауындағы Қора жайлауынан ірі қара малға жайлаулық жер берілсе, біраз қиындық еңсерілер еді.

Кезінде бір ауданда болған, кейіннен Қапал тарқатылып, екі ауданға бөлінгенде, елді мекені мен ауылшаруашылық мақсатындағы жерлері екі жаққа қарап кеткен ауылдардың жерге қатысты мәселесі Ақсу мен Ескелді аудандары арасында шешімін табуға тиісті. Мәселен, Қоңыр ауылына тіркелген шаруа қожалықтарының малы Ақсу ауданының аумағында қыстайды. Игерілмей жатқан жерлерді түгендеу барысында бұл жағдай күн тәртібіне шығып, облыс деңгейіне дейін көтерілді. Сондықтан әр тарап бірлесе отырып, бұл мәселені де түбегейлі реттегені жөн. Болмаса ауыл арасында, ағайын ішінде келіспеушіліктер асқына берері анық.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы



**Соңғы жылдары экологиялық ахуалды бастан кешіп жатқан Арал өңірі жұртшылығының жайы күллі адамзатты алаңдатып тұр. Бұлаздай жылыну процесі мен қуаңшылықтың әсері көптеген халықаралық ұйымның басты мәселесіне айналды.**

Әлемдік жылынудың әсерінен ормандардың жаппай өртке орануы, қуаңшылықтан көк шықпай, төрт түліктің қырылуы көпті алаңдатып тұрғаны жасырын емес. Қайбір жылдары ел аумағындағы қуаңшылықтан төрт түлікке азық табылмай, жаппай қырылған. Әсіресе, Арал өңірінде экологиялық ахуалдың ушығуы шұғыл шараларды қолға алу қажеттігін аңғартады. Бұған қоса, соңғы күндері Абай облысындағы төтенше жағдай да біраз мәселенің басын ашып көрсеткендей болды.

Жалпы, ғалымдар ғаламшар жылыну процесін бастан өткеріп жатқанын айтып, жиі дабыл қаға бастады. Негізінен, бірнеше ондаған жыл бойы Арал теңізінің құрғау мәселесі елдің және аймақтың ахуалын ушықтырып, оны сақтап қалуға ғылыми тұрғыда халықаралық ұйымдар бас қатырып отыр. Соның негізінде қаншама күш-жігер сарп етіліп, ауқымды жұмыстар жүргізілді. Алайда көңіл көншітерлік нәтижелермен қуана алмай отырмыз.

Соның бірі — Біріккен Араб Әмірлігі Абу-Даби қаласындағы халықаралық климат өзгерту технологиялары мекемесі жасанды жаңбыр жауғызудың тың жобасын ұсынды. Бұл жайында Арал өңірінде өткен экономикалық форумда алғаш мәлім болған еді.

Осы жасанды жаңбыр жауғызу жобасын ұсынып отырған Абу-Дабидегі аталмыш мекеме басшысы Алтай Айнабекпен байланысып, жаңа технологияның жай-жапсарын сұрап көрдік.

«Біз қазір жаңа климаттық сынақпен, яғни ғаламшарымыздың климатына антропогендік әсер ету құбылысымен бетпе-бет келіп отырмыз. Жер бетінің



температурасы әлдеқашан көтерілді. Бүгінде бұл құбылыс ешкімге құпия емес. Тіпті, барлық ел Париж келісімін сөзсіз орындаса да, ғаламдық жылыну процесінің шешімін табу оңай болмасы белгілі. Сондықтан әлем елдерін, оның ішінде Орталық Азияны құрғақ аймаққа айналу қаупінен сақтап қалудың жолдары ойлантанды. Өйткені жылыну процесі мен құрғақшылық, температураның көтерілуі, булану көрсеткішінің жоғарылауы, жердің тозуы құрғақшылықтың жиілеуіне әкеп соқтырады», — деді бізге климаттық технологиялар саласындағы халықаралық эксперт Алтай Айнабекұлы.

Оның айтуынша, Орталық Азиядағы халық санының өсуі мен су ресурстарын ұтымсыз пайдалану су тапшылығы мәселесін шиеленістіреді. Бұдан азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты тәуекелдер де күшейе түспек.

Бүгінде көптеген елдер мен әртүрлі деңгейдегі ұйымдар су ресурстарын көбейтуге, сақтауға және ұтымды пайдалануға көп көңіл бөліп отыр. Жасыратыны жоқ, қазір сумен жабдықтау жүйелері адамдардың қажеттіліктері мен қоршаған ортаны сақтауды толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл орайда сумен жабдықтау

жобалары құнының артуы, су ресурстарының жеткіліксіздігі сынды мәселелер туындайды. Осы орайда жаһандық жылынуға төтеп берудегі әрекетіміз қандай болмақ деген сауалдың тууы заңды.

«Бүгінде сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері атмосфералық су ресурстарымен қамтамасыз етудің инновациялық әдістерімен алмастырылып жатыр. Біздің планетамыздың атмосферасында судың бу түріндегі мөлшері шамамен 10 триллион тоннаға жуықтайды. Бұл — жер бетінің әрбір гектарында орта есеппен 200 тоннадан астам су бар деген сөз. Жер бетіндегі жауын-шашынның таралуы біркелкі емес. Бір жыл ішінде жер бетіне жауын-шашын түрінде 500 мың текше километрден артық түседі. Бірақ оның тек 21 пайызға жуығы құрлыққа, қалғаны дүниежүзілік мұхитқа құйылады. Соған орай Арал теңізіндегі жауын-шашын мөлшерін арттыру жобасын жүзеге асыру үшін біздің компания тарапынан Clear Sky Manager New Generation жүйесін пайдалану ұсынылады. Бұл қазіргі заманның негізгі климаттық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін ауа райын басқарудың кешенді шешімі болып саналады. Яғни, құрғақшылықпен, шөлейттенумен, қалыптан тыс жылумен,

# ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР: ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫҢ ШЕШІМІ МЕ?

шаң-құмды дауылдармен, орман және дала өрттерімен, су тасқындарымен, ауаның ластануымен және басқа да ауа райы ауытқуларынан туындайтын келенсіздіктерді еңсеруге жол ашады», — деп түсіндірді халықаралық сарапшы.

Соған орай сарапшы өзі ұсынған қауіпсіз технологияның тиімділігін алға тартады. Бұл аймақтағы экологиялық апаттың салдарын жоюға және азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Арал теңізі аймағын және су ресурстарын ұлғайту және температураны төмендету арқылы климаттың бірқалыпты өзгеруін қамтамасыз етуді көздейтінін жеткізді.

Бұл жүйе климат пен экологиялық қауіпсіздік қағидатын қамтамасыз ететінін айтады. Сонымен қатар қоршаған ортаға және байланыс құралдарының жұмысына келергі туғызбайтынын, адам денсаулығына қауіпті электромагниттік немесе басқа сәулеленуді тудырмайтынын мәлімдеп отыр.

Маманның айтуынша, жобаның сапалы орындалуын қалағалау, ауа райын басқару технологияларын құру, жетілдіру және қолдану жұмыстары қатаң бақылауда болады. Оны 20 жылдан астам тәжірибесі бар білікті мамандар, ғалымдар, аэрологтер, метеорологтер және климаттың өзгеруі технологиялары саласындағы жетекші сарапшылар командасы қамтамасыз етеді.

Халықаралық сарапшының сөзіне сүйенсек, ауа райын басқару жүйесін 5-10 жыл бойы пайдалану су ресурстарының тапшылығы мен жаһандық жылынумен байланысты туындайтын салдарды еңсеріп қана қоймай, жергілікті климатты өзгертуге мүмкіндік береді екен. Нақты айтқанда, жауын-шашын деңгейінің жылдық мөлшері орташа есеппен 30 пайызға және одан да көп артуына, ыстық мезгілде температураны белгілі мөлшерде төмендетіп, электр энергиясын тұтынуды 8 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар өсімдік жамылғысының ұлғаюына және шаң-құмды

дауылдардың себептерін жоюға, жерасты суларының мөлшерін көтеруге, Арал теңізінің деңгейін ұстап тұруға және арттыруға, адамның ыстық мезгілде жұмыс істеу қабілетін көтеруге көмектеседі. Сол сияқты тұздану, жоғары температура және басқа да келенсіздіктерге байланысты туындайтын аурулардың санын азайтуға, аймақтағы ауыл шаруашылығы саласын дамыту мүмкіндігі және адамның эмоционалдық фонына оң әсер ету секілді бірқатар мәселенің оңтайлы шешілуіне жол ашады деп топшылайды.

«Бұл технология Арал өңірі ғана емес, тұтас еліміздегі жаһандық жылыну салдарынан туындайтын құрғақшылықты еңсеруге мүмкіндік береді. Бір ғана мысал айтсам, мұндай жүйені қолданысқа енгізбесек, болашақта Арал аумағында өгілген сексеуілдердің жаппай жойылуы, өңірде адамның өмір сүру мүмкіндігінің төмендеуі қаупі басым. Әзірше шетелдік донорлардан қаржы іздеп жатырмыз. Қажетті қаржы көздері шешімін тапса, Аралдың және еліміздегі аридтік аймақтардың мәселесін шешуге болады», — деп түсіндірді ол.

Биыл мамыр айында Қазақстан Республикасындағы Аралды құтқару қорының дирекциясы, Өзбекстандағы осындай тектес ұйым мен климаттың өзгеруі технологияларының халықаралық орталығы арасында үшжақты меморандумға қол қойылыпты. Соған орай келешекте жобаны екі кезең бойынша жүзеге асыруды ұсынып отыр.

Жалпы, халықаралық сарапшы бұл жобаны жүзеге асыру Аралды құтқару бойынша жүргізіліп жатқан және жоспарланған жұмыстарға айтарлықтай оң ықпал ететініне жеткізді. Сонымен қатар жаһандық жылынуға қарсы күрестің бұл түрі — Арал өңірі тұрғындарының әл-ауқатын арттырып, денсаулығын нығайтуға да ықпал ететініне нық сенім білдірді.

**Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,**  
*Қызылорда облысы*



**Абай облысындағы орман өрті талайды терең ойға қалдырғаны жасырын емес. Ал он бес адамның қазасы қаймана қазақтың қабырғасын қайыстырып, саладағы біраз былық пен сұмдықтың бетін ашты. Әрине, апат айтып келмейтіні белгілі. Алайда құрылымдық мекемелердің дер кезінде қабылдамаған шараларының кесірінен орманшылар көз жұмып, ажал оты ауыздықталмай кеткенін арнайы мамандар да мойындады. Абай өңіріндегі қайғылы жағдай өзгелерге сабақ болды ма? Аптап ыстықтың күн санап күшейіп келе жатқанын ескерсек, орман өрті кез келген аймақта күн-түн демей тұтануы бек мүмкін. Бұған жамбылдық сала мамандары дайын ба?**

Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, орман және далалық алқаптардың өрт қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында облыс әкімдігінің қаулысы қабылданып, бірлескен алдын алу жоспары бекітіліпті. Нәтижесінде, облыс аумағының ғарыштық мониторингін жүргізуге биыл бюджеттен 8 млн 830 мың теңге бөлінген.

— Биыл 1 мамырдан бастап орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі

аумақтық инспекциясының қызметкерлері күніне 3 рет облыстың 3,048 млн гектар мемлекеттік орман қоры аумағын «Қазавиаорманқорғау» РМҚК авиатехникасымен ұшу арқылы әуеден күзету жүргізуде. «Қазавиақұтқару» АҚ авиатехникасымен облыс аумағындағы өрт қауіпті учаскелерді аралап шығу және олардың өртке қарсы жағдайына мониторинг жүргізу үшін облыс әкімдігімен биыл 47 млн 478 мың теңге бөлініп, ол 48 ұшу сағатын құрады.

Мемлекеттік орман қорының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қазынадан 280 млн теңге қаралып, оған 10 дана трактор, 12 дана өртті сөндіруге қажетті техника, сондай-ақ 10 мотопомпа алынуда.

Жалпы, «Ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» барлық мекемелерде 1-үлгідегі 15 орман өрт сөндіру стансасы құрылып отыр. Олар 135 штаттық бірлікпен, 18 өрт сөндіру автомобильдерімен, 36 трактор, 174 аспалы өрт сөндіргіш, 24 мотопомпа және 246 радиостансалармен жасакталған, — дейді Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Жомарт Сәдірмеков.

Былтыр өрт сөндіру бекеттерін кезек-кезеңмен құру жоспарына сәйкес, үш шалғай елді мекенде өрт сөндіру бекеттері құрылғанынан ел хабардар. Енді биыл

# САҚТАНСАН – ВРТТЕН САҚТАН!

Жамбыл, Талас және Қордай аудандарында 3 өрт бекетін құру жоспарлануда.

Тағы бір айта кетерлігі, облыстың ауылдық округтерінде жеке құрамы 2 128 адамнан тұратын 165 ерікті өртке қарсы құралымдар жасакталған. Олар 508 трактор, 49 су тасушы техника, 88 өрт сөндіру мотопомпа және 175 ранацті өрт сөндіргішпен қамтамасыз етілген.

Жол қызметтерінің жұмыс жоспарына сәйкес, облыс аумағындағы республикалық маңызы бар 1 237 шақырым автожолдардың 1 074 шақырым қашықтықта, облыстық маңызы бар 1 943 шақырым автожолдардың 712 шақырым қашықтықта және 840 шақырым темір жолдың 104 шақырым қашықтығында орман екпе ағаштары бар жерлерде өртке қарсы жырту жұмысы 30 мамырға дейін толықтай аяқталған.

Әрине, мұндай саяқтық шаралары көңіл қуантады. Статистика да «сулу» сөйлеп тұр. Алайда 2021 жылы 15,3 гектар жерде дала өрті тіркеліп, шығын 2 миллион теңгені құраса, былтыр 407 гектар жерде жану және 162 гектар жерде орман өрті болған. Ал жыл басынан бері 406 гектар орман өртке оранып отыр. Мамандар өрт фактілерінің денінде адами факторлардың әсері болатынын алға тартуда.

— Бақылаусыз ауыл шаруашылық қалдықтарын өртеуді алдын алу мақсатында аудандық Төтенше жағдайлар бөлімдері, жергілікті полиция қызметі және жергілікті атқарушы органдардың жеке құрамы күшімен жалпы саны 82 адамнан тұратын 16 бірлескен мобильді топ құрылды. Аталған мобильді топтар тәртіп бұзушыларды анықтау және алдын алу жұмыстарын

жүргізу мақсатында 333 рейдтер жүргізді. Рейд барысында ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінің 336 бабы бойынша 90 бұзушылық анықталды. Нәтижесінде, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырылып, 52 жағдайда ескерту берілсе, 38 азаматқа 810 750 теңге көлемінде айыппұл салынды. Қазір тұрғындарға орман алқабын қасақана өртеу дерегі бойынша ауыр жаза қаралатыны қатаң ескертілуде, — дейді Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Жомарт Сағатбекұлы.

Жалпы, бүгінде Жамбыл облысында 4 миллион гектардан астам орман алқабы бар. Ондағы қауіпсіздікті 15 мекемедегі 933 маман күзетуде. Алайда айлықтары 70 мың теңгеден сәл асатындықтан, орманшылар өз күндерін әзер көріп жүр деуге болады.

— Орманшыларға айлық жалақылары еңбек етілдеріне байланысты белгіленеді. Орта есеппен олар қазір 120-130 мың теңге алып жүр. Десе де, биыл 1 шілдеден бастап орманшылардың айлық жалақысы 100 пайыз өседі деп күтілуде. Сол кезде салаға ағылатын жас мамандардың да қарасы қалың болады деген үміт басым, — дейді облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма басшысының орынбасары Нартай Егембердиев.

Жасыратыны жоқ, бүгінде орман саласында еңбек етіп жүрген мамандардың көпшілігінің жасы зейнетке келіп қалған. Немесе орманшының рөлін малшы, қорықшының рөлін аншы сомдап жүрген кезең. Олай дейтініміз — бейнеті көп, алайда жалақысы аз жұмысқа жастар барғысы келмейді. Содан амал жоқ, орман

шаруашылығы мекемелері қолда бар ресурсты пайдаланып не болмаса еріктілердің көмегіне жүгінуде.

Сөзімізді статистикалық мәліметпен тұздықтасақ, дәл қазір еліміз бойынша 123 орманшы жетіспейді. Жамбыл облысында 7 маманның қажеттілігі қағаз жүзінде көрсетілген. Ал Қазақстанда 9 университет орманшы мамандығын оқытатын болса, Әулиеата өңірінде бұл бағытта тек екі колледж шәкірт тәрбиелеуде. Оның бірі — Құлан агро-техникалық колледжі болса, екіншісі — Тараз инновациялық көпсалалы колледжі. Алайда материалдық базасы мен әлеуеті жоғары саналған Тараз инновациялық колледжінің өзін былтыр небары 25 маман тәмамдап шыққан. Олардың өзі орман шаруашылығы саласына қызметке тұрды деп айта алмайсың.

Әлбетте, Абай облысындағы жағдайдан кейін «орманшы» деген мамандықтың барын, олардың қызметінің қаншалықты ауыр екенін түйсіне бастағандаймыз. Мұны Экология және табиғи ресурстар министрі Зұлфия Сүлейменова да мойындап, орманшылардың айлық жалақысы еселеп өсіп, 2027 жылы материалдық базасы 100 пайызға жанаратынын жеткізді. Әрине, мұндай ақпар қуантады. Алайда орманшы мамандығына көңіл бөлу үшін 15 адамның қазасы қажет болғаны өкінішті. Жауапты министрлік осы бір реттік қолдаудан кейін орманшы мамандығын тағы жылы жауып қойып, «есегім судан өткеннің» керін келтірмейді деп сенеміз.

**Саятхан САТЫЛҒАН,**  
*Жамбыл облысы*

«Күлкінің жеңбейтін  
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,  
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,  
күлдіре білу — өнер,  
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжехметұлы

№147

24.06.2023 ж.

«Айқынның»  
сатиралық қосымшасы

## ЖАҢЫЛТПАШТАР

Сары қыз  
Қарбыз жеді.  
Сары қыз қарбызды  
Жалғыз жеді.

Қоңыр қозым маңырап  
тұр.

\*\*\*

Бұл – бізбіз.  
Шыж-быж болмай,  
«Сіз-біз» болып,  
Сызылып тұрған қызбыз.

\*\*\*

Жоңышқаға жайылған  
Жорғамды,  
Ажырыққа әкеп,  
Азырақ отаттым.

\*\*\*

Бұлбұл  
«Тұлпар болам!» деді.  
Тұлпар  
«Сұңқар болам!» деді.  
Бұлбұл тұлпар болмай,  
Бұлбұл болды.  
Тұлпар сұңқар болмай,  
Дұлдұл болды.

Үш-төрт бала бір-бірін  
Келекеледі бір түрлі.  
«Кімге кім күлді?» деп,  
Бір-біріне ұмтылды.  
Басы піспес баланы  
Етеді ме жұрт үлгі?

«Әжеме керек көзілдірік!»  
Деп ойладым өзім біліп.  
Көзілдірікке қоса  
Қажетті  
Газетті Әкеп,  
Әжемді мез еттім.

\*\*\*

Сары бала  
Арбаға міңді.  
Арбаға мінген  
Сары балаға  
«Сарнама!» дедік.

Қаңбақ  
Жаңғаққа ұқсамайды.  
Жаңғақ  
Қаңбаққа ұқсамайды.  
Қаңбағың-қаңғалақ,  
Жаңғағың-жаңғалақ.  
Қаңбағыңда мән жоқ,  
Жаңғағыңдай дән жоқ.

\*\*\*

Атама ұнайтын  
Бота ма?  
Тайраңдайтын тайлақ па?  
Мінгенге жақсы  
Інген бе?  
Әлде нар ма?  
«Нар жолында жүк  
қалмас»,  
Нардан мықты бар ма!

Ат жемейтін,  
Ащы шөптің  
Шыққанынан,  
Шықпағаны жақсы ма?  
Шықпағанынан  
Шыққаны жақсы ма?

\*\*\*

Шарханның  
Шақшадай басы шарадай  
болды.  
Шалшыққа аунап,  
Қара лай болды.

Домбай мен Омбай  
Дойбы ойнады.  
Омбой оңбай ұтылып,  
Ойбайлады.  
Ойбайлаған Омбайға  
Домбай қой-қойлады.

\*\*\*

Мағазды мазалама,  
Мағаз қағазға жаза ала  
ма?  
Мағаз қағазға жаза  
алмағасын,  
Қағаз қайық жасаған  
Мағазға айып таға алма-  
йық.

Ауым-сауым,  
Ұйна-тұйпа,  
Салдыр-салақ.  
Бұл кім?  
Кеп тұр күлкім.

\*\*\*

Қанаттың арманын  
Қанағаттандыра алмадық.  
Қанағаттандыра алмаға  
нымыз сол –  
Қалаға аттандыра алма-  
дық.

Жып-жинақы,  
Тап-таза,  
Түп-түзу.  
Бұл кім?  
Ұқыпты болуға ұмтыл!

\*\*\*

Әрі-бері жүретін,  
Әбігерленіп үретін  
Арлан итім  
«Р-р-р» дейді.  
Қырық екі әріптің  
«Р»-дан басқасын білмей-  
ді.

Мамам  
Банан берді.  
Бананды маған бермей,  
Оған берді.  
Оған бермесе,  
Ойбайлап дау іздейді.  
Бананның қазақшасын  
«Мәуіз» дейді.

\*\*\*

Қоңсы тұратын Қоңқыштың  
Қоңызы да жоқ,  
Доңызы да жоқ.  
Қоңыр үнді қобызы бар.

Табанымнан  
Тік тұрдым.  
Ботқаны отқа қойып  
Бұқтырдым.  
Бұқтырып қойған ботқам  
Бытбырық боп,  
Түбі күйді.

\*\*\*

Аңғарда  
Аң бар.  
Аңысын аңдып,  
Ататын жан бар.  
Аңды аямайтын  
Браконьерді аңғар.

Әбігерге түсіп  
Әрі-бері жүрді де,  
Дәрігерге  
«Дәрі бер!» деді.  
Дәрігер дәрі беріп,  
Берін емдеді.

\*\*\*

Әрі қарасам –  
Ала қарға.  
Бері қарасам –  
Қара қарға.  
Ала қарға  
Жарға қонды.  
Қара қарға  
Қарға қонды.

«Табанымызға тас батты,  
Тар кешеге асфальтты  
Қалай төсейміз?» деп  
Бас қатты.

\*\*\*

Балық аулап отыр ауыл:  
«Балыққа  
Балықшының толтыр  
ауын!».  
Балыққа емес,  
Балықшыға  
Бас салады қолтырауын.

Бетпақ әппақты  
«Батпақ!» дейді.  
Әппақ бетпақты  
«Әппақ!» дейді.  
Бетпақ-бетпақ,  
Әппақ-әппақ.

\*\*\*

Боран борап,  
Қар жауды.  
Ауа райы қолайсыз ба?  
Тыз етіп,  
Табанымнан сыз өтіп,  
Жаурап қалма абай-  
сызда.

Жансызбыз,  
Сансызбыз,  
Мың-мыңбыз.  
Жымыңдаған жұлдызбыз.  
Жасырынбақ ойнаймыз  
Күндіз біз.

\*\*\*

Сурет салсаң,  
Сәндеңкіре.  
Әр бояумен  
Өрленкіре.  
Аңғал-саңғал  
Шоңқорамыз қаңырап тұр.  
Қоңы кетіп, тоңғасын,

«Балдырған»  
Алдырған  
Балақай алақайлап,  
Мейірін қандырған.  
Күн шықты,  
Шыңылықтаған ұн шықты.  
Шыңылықтаған даусынан  
Танып қойдым шымшықты.


\*\*\*

Он шақты моншақты  
Тізіп тұрып,  
Қызайды қызықты-  
рып,  
Саған суреті  
Быжық-тыжық.

Ауылда Басарала атты  
тазы итіміз болды. Күшік  
кезінде ағам алып келіп,  
атын әйгілі Ақан серінің  
иті Басаралаға ұқсасты-  
рып қойған. Желмен  
жарысқан тазы бола-  
ды-ау, аңға салса,  
алмай қоймайды- ау деп  
үлкен үміт күттік.  
Ұйқыдан тұра сала  
итаяғына тамағын салып,  
бар жағдайын жасап  
қоямыз.

Жеті қазынамыздың бірі  
күннен-күнге бой өсіріп, жетіле  
бастады. Үй маңынан ұзап шыға  
коймайтын итті енді манайға  
шығарып, аңға салсақ па деген  
есек дәме пайда болды. Аң болғанда  
да ұсақ-түйек коян, түлкі дегендей...  
Тазы болғандықтан, тақырға  
отырғызбайды-ау деген үміт сәулесі  
де көңілде лап еткені анық.  
Күндердің бір күнінде Басараланы  
алып, аңға шықтық. Күн май  
тоңғысыз жылы, айнала ашық,  
сейіл серуен құруға ынғайлы уақыт  
еді. Бір иттің соңында салпандап  
жеті бала еріп келеміз. Алда Сары  
тау тұр. Сары таудан асып алсақ,  
ары қарай олжамызға кенелерміз  
деп ойлап қоямыз. Әзілдесіп  
күлісіп, анда-санда ұрысып,  
біреуіміз бүрісіп, тауға да шықтық,  
әйтеуір. Алға ұмсынып жүріп  
келеміз. Қардың бетінде коянның  
ізі қаптап жатыр. Демек, жакын  
арала бір қызықтың басталары аян  
болып қалып еді. Кенет қарсы  
алдымыздан зып беріп ақ коян  
зуылдап каша жөнелді. Біз жалма-  
жан Басаралаға қараппыз. Үміт  
күткен тазымыздың жүгіретін түрі  
көрінбейді. Сәл желіп барып,  
шокиып отыра кетеді. Ашуға  
булыққан мен жалқау тазыны  
кеудесінен бір теуіп, алға қарай  
сүйрелей жөнелдім. Басарала  
болса аяғымен жер сызып келеді.  
Қоянымыз баяғыда-ақ аллаһу  
әкбар, зым-зия, ізім-ғайым жоқ  
болған. Итті біраз сүйрелеген соң  
ісіміздің өнбейтінін сездік. «Жетек-  
теген тазы түлкі алмас» деп келген  
ізбен кері қайтатын болдық. Өзіміз  
де талай тауды асып, шаршап  
қалғанымызды қайтар жолда сезіне  
бастадық. Сағат беске таман сүй-  
ретіліп ауылға кірдік.

Қас қарайған шақта аздап  
бұрқасын соға бастады. Бірте-бірте  
бұрқасын соны әктүтек боранға



## БАСАРАЛА марқұм

ұласты. Сапарымыз нәтижесіз бол-  
са да, қырдан құр қол қайтсақ та  
сүйретіліп барып келген Баса-  
раланы басқа тепкенім үшін өзімді  
үйде жатып кінәлі сезіндім.  
Жастыққа бас қойсам болды, жағы  
салбыраған, Ресейдің президентіне  
ұқсас жалқау тазының аянышты  
бейнесі көз алдымнан бір кетсеші.  
Төсектен баппен тұрдым да, кешкі  
тамақтың қалдығын алып далаға  
шықтым. Басарала ки қоранын  
бұрышында бүрісіп жатыр екен.  
Тамағын беріп қораға кіргізіп,  
есікті ашық қалдырдым. Ол жалы-  
ны әлсіз көздерімен мәлие қарап,  
итаяққа тұмсығын жакындатты.  
Сол түні Басараланы соңғы рет  
көрген екенмін...

\*\*\*

Танертең Басараланың Аман-  
гелді мұғалімнің қорасына барып  
өлгенін естідік. Бірден бармақшы  
едім анашым сүт тартуға көмектес

деген соң үй жақта біраз уақыт  
айналып қалдым. Шамамен жарты  
сағаттай бөгеліп есік алдына шық-  
қанымда ескі контордың артында  
қаран-құран еткен балаларды көзім  
шалды. Арман мен Бекежан қолын  
бұлғап, айқайлап мені өздеріне  
шақырып тұр. Қос өкпемді қолыма  
алып топ бала жиылған әлгі жерге  
жетіп бардым. Бегзат, Рүстем  
сыныптасым, Нұржан, Олжас,  
Бактияр, Мирас, Жәсөк бәрі сол  
жерде екен. Олардың бәрі  
Басараланы жерлеуге жиналышты.  
Мені шақырғаны қызықты рәсімге  
иттің иесі ретінде өзі қатыссын  
дегені екен. Бегзат молданың  
кейпіне еніп алған. Басына сәл  
тозығы жеткен такія киіп алышты.

Көп күттірмей Бегзат фати-  
хасын оқи бастады. Оның аннан-  
мыннан құрап оқыған сүресіне  
арамызда тұрған жырқылдақ Жә-  
сөк пен Бекежан шыдамай күледі-  
ай кеп. Оған біз де қосылдық. Терең  
сай іші күлкімен ерен жаңғырып  
кетті.

## «Жоқтан» басқа сөз жоқ

Рас айтам. Қазір «жоқтан» басқа сөз жоқ.  
Сенбесең, өзің сөйлесіп көрші адамдармен.  
Алдымен олардың «Ассалаумағалейкум?»  
дейтін амандық білер сөзі жоқ. Құрсыншы  
амандасқаны, әрмен қарай сөзге тартасын ба,  
тартпайсың ба, өзің біл. Бірақ тындап көрші.  
Көп емес. Жиырма минут қана. «Бар!» деген  
сөз бар ауыздан шығар ма екен, шықпас па  
екен? Әй, қайдам шықпайды. Мен көргенімді  
айтам, өз құлағыммен естігенімді айтам. Ал  
тындаш.

– Уһ! Күйдік мүлде. Уһ! Өлдік-ау, өлдік!  
Аспанда жанбыр жоқ. Мына Сарыарканың  
желі кайда кетті, желлуішті желпіп тұратын.  
Жел жоқ! Демалатын ауа жоқ! Бұл табиғат  
бұзылды, дауа жоқ! Өне, өрт қаптады елде. Бұл  
өрт бізге де келетін шығар. Келсе өрт сөндіретін  
сонша техника жоқ! Вертолет жоқ. Өртке  
бақылау жоқ!

– Бақылауды айтпаш. Басы істейтін бастық  
жоқ!

– Ойбай, мына автобус неғып кешікті.  
Автобус жоқ!

– Автобус келді. Автобуста орын жоқ!  
Қартаң кісілерге орын беретін жастар жоқ.

– Ойбай, қазіргі жастарда бет жоқ!

– Бетін айтпаш, сана жоқ!

– Сананы айтпаш, тәрбие жоқ!

– Зейнетақы көбейеді деп еді. Көбейіп пе,  
білгендерің бар ма?

– Көбейген жоқ. Өйткені ақша жоқ! Бізге  
енді үнемдеуден басқа амал жоқ.

– Бар зейнетақы дәрімен кетеді. Дәріханада  
арзан дәрі жоқ! Фармацияны ырық-  
тадық дейді. Өтірік! Ырықталған  
жоқ! Өйткені нәрмәлни тексеріс  
жоқ! Мұны бақылайтын Үкімет  
жоқ! Депутаттар жоқ!

– Айтпақшы, Сіздерде су бар ма?  
Бізде ескі қала деп қарамайтын болды. Әлі су  
жоқ!

– Бізде екі апта болды су да жоқ!

– Ал бізде жарық жоқ!

– Біз де жарық та жоқ, су да жоқ!

– ?!

– Бүгін телевизор көрсетпей қалды. Се-  
риал жоқ!

– Аза тұту күні емес пе? Соны білмедіміз  
бе? Ертенге дейін ойын-сауық, ән мен күй,  
концерт жоқ!

– Ойбай, билетімді қайттым сонда?  
Концертке бір ай бұрын билет алып қойып ем.  
Күйіп кетті ме, сонда?

«Жоқ-жоқ» сөздерді тындай, бағанадан  
бері жүйкем шаршады ма, қасақана сөзге  
араластым. Мен де сөзді «жоқтан» бастадым.  
Өтірікті қосып жібердім.

– Билеттеріңіз күйіп кетті! Бүкіл концертке  
жиналған ақша Семейге кетті. Енді оның  
қайтарымы жоқ! Қаза болғандарға жаны  
ашып жатқан кісі жоқ! Қарапайым біздей

халық көмектеспесе, Үкіметтен қайран жоқ.  
Өйткені бюджетте ақша жоқ!  
Айнала тына қалды.Үн жоқ!  
«Уһ!» делім мен де автобустан түсіп бара  
жатып бойым жеңілдеп. Баяғыда ауылда  
әжелелеріміз орынсыз «жоқ-жоқ» дей бер-  
генде «жағына жылан жұмыртқаласын» деуші  
еді. Бірақ қазір сол жылан да жоқ!

ӨРІС ЯШҮКІРОВА

Аруақтарынан айналайын, кешегі  
ұстаздарымыздың әрбір сабағы  
құлағымызға қорғасынмен  
құйғандай қатып, сіңіп қалушы  
еді. Бастауыш сыныптағы  
математика сабағында  
«қосылғыштардың орында-  
рын ауыстырғанмен,  
қосынды өзгермейді» деген  
шындығы шымшықтай  
шырылдаған теория бүгінге  
дейін шып-шырғасы  
шықпастан жарғақ  
құлағымызда жаңғырып тұр.

Жаңғырып тұрған соң қаңғырып жүрген  
бұралқы ит емес, не балақтағы бит емес. Қазақта  
«жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады»  
деген тәп-тәуір тұжырымды сөз бар. Осы амалға  
шеге қағып бекітсек, жоғарыдағы тұжырымы  
терен теория тиянақтала түседі.

Япыр-ай, ит жылғы кикілжінді ұмытпайтын  
кекшіл кіді кісілер сияқты баяғыда ұмыт болатын  
түбі түскір теория неге есіме сайтандай сарт етіп  
түсе қалды екен? Токтай тұр. Ә бәлем, қолға  
түстің бе?

Сөйтсем, бұл теория тектен-тек тіліме  
орағытылмапты. Әй, әйткенмен, «қашқан қоян  
жатқан қоянды ала кетеді» демекші, бүгінгінің  
белсенділері баяғыда санада бұғып қалған  
амалды бұғалықтан босатып жіберген екен ғой.

Біздің қалада қызыл империяның тұсында да,  
тәуелсіздік туы астында да мемлекеттік қызметтің  
түбін түсірген ат төбеліндей тімірсік топ бар.  
Өздері шеттерін «сен тұр, мен атайынның» нақ  
өзі. Өзі болмаса да көзі. Сидиған денелеріне,  
жыра-жыра беттеріне, сыпсиган сақалдарына,  
сидамдаған жүріс-тұрыстарына қарамасаңыз,  
Шыңғыс ханның әбден шыныққан  
сарбаздарындай ширақ. Енді ширақ дегенде тау  
қопарады деп ойлап қалмаңыз. Бірақ тұзы жоқ  
қара көжедей сылдыр сөзге, дәмсіз әңгіме-  
дүкенге, түлкідей түрленіп жағымпаздануға,  
әкім-қаралардың жамбастарына көпшік қоюға  
келгенде ешкімге есесін жібермейтін сайыпқыран  
шеттерінен. Бұл жағынан қолдары жүріп тұр.  
«Тау мен тасты жел бұзады, адамзатты сөз  
бұзады» деген ып-ырас сөз. «Сіз ұлы адамсыз»  
деп кез келген әкімнің мақтауын асырып,  
жаманын жасырып, қолтығына кіріп алудан  
ешқайсысы арланбайды. Есесіне барлық марапат  
солардың омырауларында, шапан-шаттық  
солардың иықтарында. Балалары, немерелері  
құзырлы мекемелерде жіліктің майлы басын  
ұстап отыр. Олардың арасында атағынан ат  
үркетін мүйізі қарағайдай зиялы қауым өкілдері  
де бар.

Ана бір жылдары рәкет дегендер шықты ғой.  
Олардан кейін коммерсант, іскер адамдар  
қаптады. «Жаңа қазақтар» деген ұлтымыздың  
тағы бір «руы» пайда болды. Осы азаматтар  
Құдайдың бейбіт күндерінде как мандайларынан  
бір безбүйрек бұзақы, қағынған қанішер «тарс»  
өткізіп атып кететіндей, айналасына пілдей-  
пілдей окқағар ұстады. Оларды окқағар деп  
атағаннан гөрі отшашар деу тиімдірек. Өйткені  
Салқынбектің сүзеген сиырындай көздері  
зәрленіп от шашып тұратын. Содан соң қайда  
барса да, тіпті патшалардың өздері жаяу баратын  
сайға барса да сондарынан көлеңкесіндей ілесіп  
бірге баратын. Қазір де қалада осындай жанын  
Құдайға қимайтын қыршаңқы қорқақтар  
қыруар.

Біздің шалдар осы окқағарлардан қоянның  
егіз көжегіндей, тауықтың шөпілдеген  
шөжегіндей ұқсас болмаса, мұрнымды кесіп  
берейін. Абыз ақсақалдарымыздың кез келген  
адамның бойына біте бермейтін тағы бір сиқыры  
бар. Ол өңірге келген жаңа әкімді, мейлі ол  
қайдан келсін, мейлі Айдан келсін, ағайын-туыс  
етіп ала қоятыны. Олардың әкімнің қасынан  
көлеңкесіндей еріп қалмайтыны соншалық,



## ОҚҚАҒАРЛАР

«япыр-ай, осылар басшымен қойындасып бірге  
ұйықтайды ма екен?» деген де сұмдық ой  
сумандап, жаныңды жай таптырмайды.

Тегі «бөрі арықтығын білдірмес, сыртқа жүнін  
қаппайтар» деген сөздің де жаны бар. Қанша  
жерден тепсініп, түгі бетіне шығып, алдына  
келгенді тістеп, артына келгенді теуіп, асаулық  
танытқанымен, қай әкім де жынынан айырылған  
баксыдай біздің шалдардың алдында мойнына  
бұғалық түскен тайдай жуасып қалады. Олардың  
алдында бөгелек тиген жылқыдай басын шұлғи  
беретін атау-әкіреті жоқ белгісіз бір жұқпалы  
ауруға душар болады. Осы дерттің шипасын  
әзірге ешбір елде тапқан шипагер жоқ. Соған  
қарағанда бұл шиканның алдында қазіргі  
медицина да мешел-ау шамасы.

Жуырда біздің облысқа жаңа әкім  
тағайындалды. «Кім екен?», «Қайдан екен?»,  
«Қай жүздің баласы?» деген жымысқы жасырын  
сауалдар бұл жолы да садақтың сансыз жебесіндей  
жан-жақтан жаңбырша жауды. Қызық болғанда,  
облыстың бүкіл ауылын ішек-қарнына дейін  
қопарып ақтарғанда бұл әкімге туыс болып  
келетін бір пенде шықсашы. Қас қылғанда бұл  
әкім кісікіңтей саяқ жүретін қақатұяқ біреу  
екен. Мұстангтей жалына қол тигізбейді, жанына  
жан жолатпайды.

Біздің шайтанды да шыр айналдыратын  
шебер шалдар алдынан өткел бермес ор кез-  
дескендей үрпісіп қалды. Әкімшілік ғимаратын  
әрі айналды, бері айналды, санылау таппады.  
Ақыры амалдары адасып, шөл аймақтан қаталап  
келгендей діңкелері құрып, әкелері жаңа  
өлгендей аһ ұрып, бүйі тигендей бүк түсіп жатып  
қалды.

Түйнек тигендей дөңбекшіп жатқан Титыққа  
құрдасы Қитық хал сұрай келді.

—Ау, Титықжан, мына әкіміңіз сиырдай  
мөңкіп, маңайына жан жолатар емес. Не амал  
бар? — деп бір бүйірлей келіп жанына жантайды.

— Сен босқа тантима. «Әкіміңіз» деп маған  
меншіктеп қоятындай немене, екі туып, бір  
қалғаным ба еді? — деп дөңбекшіп жатқан  
Титықтың талағы тарс айырылды.

— Жә,жә, жетер енді. Сонша тулағаның не?  
Сөздің сіралғысы да менікі. Япыр-ай, мына әкім  
кілтін қырық қабат жердің астына көмген құлып  
сияқты ашылмас па екен? Мұны қалай етуге  
болады? — деді Қитық көтерілген сактысынан  
бір баспалдақ төмен түсіп.

—Үркекбас біреу сияқты ғой. Өзі балалар  
үйінен шыққан емес пе екен? —деді Титық.

— Ойпырым-ай, неткен көрегенсіз. Тап  
бастыңыз. Бұл пақырыңыз балалар үйінен  
шыққан безбүйректің дәл өзі, — деді Қитық.

— «Таста тамыр жоқ» деген тап рас. Мынауың  
тасжүрек біреу болып шықты,—деп Титық

құрдасының сөзін қуаттады.

Ақсақалдар ақылдаса келе жаңа әкімнің түп  
тамырын тереңнен қазып түгендемекке  
уағдаласты. Бұл — аса маңызды, жауапкершілігі  
жоғары барлау қызметіне ұйқыдағы кісінің  
қандай түс көріп жатқанын бетіне қарап біле  
қоятын, ел ауызында «Зымиян» деген зілмауыр  
лақап аты бар Нұртай бірауыздан сайланып,  
бекітілді.

Қолына қасиетті қызмет тиген Нұртай  
ырғалып-жырғалып жатқан жоқ, су жаңа  
жұмысына білек түре кірісіп кетті. Әкімнің туған  
жерін індете іздестіріп кеп беріп еді, Ешкіөлмес  
деген жерде шақалақтың кіндігі кесілген болып  
шықты. Ешкіөлмес ит өлген жердегі бір қиыр  
шетте жатқан жер екен. Жазған құлда шаршау  
бар ма, Нұртай бір «тайға» мініп, шоқырақтатып  
Ешкіөлмеске де жетті.

Қас қылғанда, Ешкіөлместің еңкіш тартқан  
елгезектері, мыжырайған шал-шауқаны,  
ақсақалдылары мен қарасақалдылары Жолдан  
Тауыпалғанұлын білмейтін болып шықты. Тер  
сінген қара бөркін шекесінің мына шетіне бір,  
ана шетіне бір қисайтып, ұзақ ойланыңқырап  
қалған Жотабай шал қолындағы таяғымен жерді  
дүңк-дүңк еткізіп ұрып, шегір көзін алысқа  
қадап тұрып қалды. Ашық ауыздар, жабық  
ауыздар, сығарайған көздер, мыжырайған көздер  
ошырылып Жотабайдың насыбай сасыған  
ерініне емексіп елжірей қарасты. Бұл жолы  
насыбай иісі аңқыған ауыздан жауыз сөз емес,  
шындыққа бастайтын дәу із сынды лепес шықты.

—Ту-у, қара басқыр басым-ай, қара басып, дәл  
іргемізде тұрған балалар үйін есімнен тарс  
шығарып алыппын ғой. Жолдан деген жүгермек  
дәу де болса сол үйде тәрбиеленген болса керек,  
— деп Жотабай жондана сөйледі.

Нұртай шешесі шекесі торсықтай ұл  
тапқандай қуанды. Жол сілтеген Жотабай  
жәкесімен асығыс қоштасып, Ешкіөлместегі  
балалар үйіне тікесінен тік тартты.  
— Сондай бір бала болыпты, — деді ескі  
құжаттарды аудастырып-төңкестіріп отырған  
балалар үйінің директоры,— бірақ оның соңғы  
жылдары қайда жүргені біз үшін белгісіз.

Әккі тыңшылдай тиянақты Нұртай тығырыққа  
тірелді. Тәрбиешілер Жолдан деген жеткіншекті  
жыға танымайтын болып шықты. Одан беріде  
қанша жыл өтті, қанша су ақты. Сол кездегі  
тәрбиеші апайлардың біразы төмпешікке  
айналыпты. Қалың тұманда адасқан адамдай  
мен-зең болып тұрғанда тәрбиеші Жұпаркүл  
жерден жеті қоян тауып алғандай орнынан  
секіріп тұрып, айқайлап жіберді.

— Ағай, мен білемін! — деді кекештене сөйлеп.  
— Нені білесің?  
— Жолданды тәрбиелеген апайды білемін.

— Ол кісі қайда?  
— Осында тұрады. Зейнеткерлікке  
баяғыда шығып кеткен. Бүгінде жасы  
тоқсанға келіп қалды-ау шамасы.  
Сол апайға бір кісінің жиі келіп  
тұратынын Зеберкүлден  
естігенмін.

Мына сүйінші хабар  
Нұртайдың баяғыда өліп  
қалған әкесі тіріліп  
келгенінен бетер әсер етті.  
Нұртай талып қалмаса да,  
талмаусырап барып есін  
зорға жинады. Орнынан  
ұшып тұрып Жұпаркүлдің  
ыстық күнде бояуы айғыз-  
айғыз ағып тұрған екі бетінен  
алма-кезек шөп-шөп сүйді.

Нұртай Клара Влади-  
мировамен көптен көрмеген  
туысын сағынып тапқандай  
айқайлап келіп амандасты.  
Арса-арсасы шыққан  
шандыр шешейге екі қолын  
ала жүгірді. Клара Влади-  
мировна құлақтан қалғанымен,  
санасы сембепті.

— Ой, Жолданчик,ой, мой золотой! Ол менің  
балам ғой! — деп көзіне жас алды.

Есіне әлденелер түсіп, айналасы жыра-жыра  
көк көзін орамалмен қайта-қайта сүрткіштей  
берді. Барлаушы үшін ең сұмдығы сол, он  
ойланып, мың толғанса да Жолданның қай  
қазақтың баласының ұрпағы екенін тап басып  
айтып бере алмады.

Нұртайдың зымиян басына бір сұркия ой  
келді.

—Клара Владимировна, мен Жолданның жеті  
атадан туысатын бауыры едім. Сіз осыны  
баланызға мықтап, шегелеп түсіндірсеңіз екен,  
— деген бакай есебін бажайлап жеткізді.

— Ой, Боже мой! Соншама жыл Жолдан-  
чигімнің бір туысы табылмаған еді. Сіз қайдан  
келдіңіз? Жерден шыққан Мәдісіз бе, әлде  
көктен түскен періштесіз бе? — деп кемпір  
шоршып түсті.

Мұндай қулық-сұмдықтың талайын қолдан  
жасап үйренген Нұртай небір түлкібұлаңға салып  
бақты. Бірақ шүйкедей кемпірді сендіре алмады.

Амалы таусылған Нұртай облыс орталы-  
ғындағы қадірменді қарияларды бір қойын  
сойып үйінде күтті. Алдағы шараның жоба-  
жоспарын олардың құлағына майдай сіңіріп  
болған соң бір автобуска тиеп, Клараның алдына  
алып келді. Шатақ шалдардың арасында  
сайтанның өзін шатыстырып, алдап жіберетін  
Алдаркөселер пішен еді. Олар шүйкедей кемпірді  
шыр айналдырды. Шыр айналмақ түгілі бір  
айналғанға құлап түсетіндей қауқары бар Клара  
«өтірік айтатын жер бұл ара емес еді ғой» деуге  
шамасы келмей шалқалай құлады.

Кемиек кемпір көнді. Көнбесіне қойды ма?  
Оның үстіне, Клараға да кұнара келе бермейтін  
бір ой келген. «Түбі қазақ болған соң осы Жолдан  
балама шыққан тегі де керек қой. Бұл қазақтың  
тегі жоқ адамды өзектен тебетін бәлесі бар.  
Араларында есі бүтін шалдары да бар екен.  
Соларға баламды еншілеп берейін. Қазағының  
мазағына емес, тазалығына ілінсін» деп ойлаған.

Сонымен, Жолдан Тыраш руының Құраш  
деген атасының бел баласы болып шыға келді.  
Уф!

Бүгінде Жолдан Табылғанұлының айналасы  
ақылмандарға толы. Сақалдылардың тұла бойы  
сорғалап тұрған сөз. Қойны-қоныштарынан  
ақыл-көнес желіні сыздап келіп иіген сиырдың  
сүтіндей шелектеп құйылады.

Шайтан шалдардың сөздері де өтімді, өздері  
де өтімді.

Иә, онай дейсіз бе, қазаққа қосып алу тегі  
жок бір жетімді!


Сонымен, әңгімеміздің біссімілағысындағы  
математикалық амалға оралайық. Мұны «әкімдер  
өзгергенімен, окқағарлары өзгермейді» деп  
бүгінгі күн талабына сай түрлендірсек, қатып  
кетпейді ме?

Жаса, окқағарлар!

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



Елімізде тұңғыш рет MOB FEST республикалық мобилография фестивалі өтіп, байқаудың 20 жеңімпазы Нью-Йорк фильм академиясында (NYFA) тағылымдамадан өтуге жолдама алды. Осы бөйгеге мыңнан оза шауып, «Боксер» атты мотивациялық туындысымен үздік атанған жас режиссер Әрі мобилограф Иманғали МАҚСОТҰЛЫМЕН тілдескен едік.



Иманғали МАҚСОТҰЛЫ,  
жас режиссер, мобилограф:

# Мобилография

## КИНО ӨНДІРІСІНІҢ

— Иманғали, жеңісіңіз құтты болсын! Негізгі мамандығыңыз қандай? Мобилографияға қалай келдіңіз?

— Видео түсіруге бала күнімнен қызығамын. Өзім Атырау облысының тумасымын. 15 жасымнан бастап жеңемнің карапайым ұялы телефонымен YouTube арна ашып, әуескөй влог түсіріп жүрдім. Ол уақытта «мобилография» сөзі қолданыста жоқ, «кез келген сапалы бейнені кымбат камераның көмегімен ғана түсіре аласың» деген түсінік қалыптасқан заман. Жаксы камерам болса, деректі, көркем фильмдер түсірсем деген арманым болды, сөйтіп 2020 жылы Алматыдағы «Тұран» университетінің «Режиссура» мамандығына оқуға түстім, биыл 3-курсты бітірдім.

2017 жылдары елімізде мобилография саласы дами қоймаған уақытта ұялы телефонмен сурет, видео түсіруге қатты әуестеніп жүрдім. Кейбір туындыларым сәтті шығып, әлеуметтік желідегі көрермен қолдап жатты. Әртүрлі идеяларымды шамам келгенше туындыға айналдырып, ізденіс үстінде жүрген кезде 2020 жылы Қыран Талапбек мобилографияны елімізде кеңінен насихаттап, арнайы курстар оқытып бастады. Бұл жаңалық қызығушылығымды оята түсті. Қыранның бір курсын оқып, білімді жетілдіріп, тәжірибе жинақтадым. Одан бөлек, интернеттен, әлеуметтік желілерден мобилография туралы ақпарат жинап, танымал шетелдік мамандардың жұмысын карап, кәсібилігімді ұштауға тырыстым.

— MOB FEST жобасы биыл алғаш рет ұйымдастырылды. Бұл конкурс туралы қайдан білдіңіз?

— Мобилографтардың фестивалі жайында түркістандық Сабыржан есімді досым айтып берді. Өзі қазақтың құмай тазысы туралы видео түсіріп, сол жұмысымен осы жобаға қатысуды ойлап жүрген екен, маған да ұсынды. Конкурстың бірінші кезеңі 2022 жылдың 1 қыркүйегінде басталып, биыл сәуіріне дейін онлайн режимде жалғасты, «Мәдениет пен салт-дәстүр», «Туризм», «Адамдар» тақырыптары бойынша жұмыстар қабылданады делінді. Хронометраж 3 минуттан аспауы тиіс. Бұл кезеңде «Адамдар» тақырыбын тандап, Тік-Ток желісінде тренд болған талантты жас суретші Рауаж Алдаров туралы деректі туынды ұсындым. Бірінші турға 1,5 мыңнан астам автор жұмысын тапсырған екен, 100 үздік фильм финалда бақ сынады.

— Байқаудың жүлдесі Нью-Йорк фильм академиясына жолдама болды. Екінші әрі негізгі кезеңге өткенде қандай сезімде болдыңыз?

— Бұл жаңалық шабытымды оятты десем болады. Келесі турдың тақырыптары — «Коммерция», «Мотивация» және «Қоғамдық

## аясын кеңейтті



“

Мобилография кино өндірісінің аясын кеңейтті. Бұрын бір фильм түсіру үшін қымбат әрі қолжетімсіз камера, басқа құрал-жабдықтар, оператор, монтажер және басқа да мамандардан құралған команда керек болды, болмаса, беделді, үлкен продакшнмен серіктестікте жұмыс істеуің қажет еді. Қазір технология дамып, бір телефонның көмегімен фильм түсіріп, монтаждап, жариялай аласың. Бұл кәсіптің болашағы зор, қазірдің өзінде қарқынды дамып жатыр, жақсы пайда табуға болады.

мәселелер» болды. Бұл жолы хронометраж 2 минуттан аспауы тиіс еді. Тақырып таңдауда көп ойландым. Көбіне көп нақты бір кейіпкердің өмірін баяндап, сол арқылы көрерменге мазмұнды ой тастағанды ұнатамын. Бұл жолы да «Мотивация» тақырыбын тандап, боксшы туралы түсіріп, актық кезеңге жолдадым. Бұл фильм арқылы ауылдағы қарадомалақ балалардың үмітін оятып, жігерін қамшылағым келді. Бұл фильм нақты бір танымал боксшы туралы емес. Елімізде шалғайдағы кішкентай

ауылдан шығып, Олимпиада шыңын бағындырған споршылар көп. Олардың жетістікке жету жолы әртүрлі болғанымен, шыққан ордасы мен бағындырған белесі бір. Жас көрерменге қайда туғаның емес, қайда ұмтылатының маңызды деген ой тастағым келді. Фильм осы жайында. Десе де, сценарий жазу барысында Бекзат Саттархановтың жүріп өткен жолын негізге алдық. Бүгінге дейін көптеген жобамен айналыстым. Соның ішінде жүрегіме жақыны — осы «Боксшы». Жүлде алғаны үшін емес, түсірілім барысы жылы естеліктерге толы болды. Мобилограф ретіндегі тәжірибемнен бөлек, режиссерлік қабілетімді де сынап көрдім. Ұжыммен жұмыс істеудің қыр-сырын түсіндім. MOB FEST ұйымдастырушылары екінші кезеңге дайын фильмді тапсыру үшін 13 күн уақыт берді. Оның үш күнінде сценарий жаздым, Шамалған мен Алматыда екі күн түсірдік. Кадр көп, монтаж жұмысы біраз қиын болды, оған 2 күніміз кетті. Бір апта бойы асқан шабытпен жасаған дүниеміз жүлделі болды. Енді АҚШ-қа тағылымдамадан өтуге барамын.

— Бұл сапардан не күтесіз?

— АҚШ-қа сапар шегудің өзі ғажап эмоция, керемет шығармашылық күй сыйлайды. Жана ел-жер көріп, әлем танып, басқа ұлттың мәдениетіне бір қадам болсын жақындау шығармашыл адам үшін үлкен мүмкіндік. Ал біз Нью-Йорк фильм академиясына барып, тағылымдамадан өтеміз. Бұл кез келген жас маманның білімін шыңдап, таным көкжиегін кеңейтетіні сөзсіз. Кино саласындағы әлемдегі үздік академияның профессорларынан тәлім алып, ондағы мобилографтармен тәжірибе алмаса аламыз. Әрі АҚШ-тағы мобилография саласының жетістіктері мен тың әдіс-тәсілдерімен танысуға үлкен мүмкіндік туып

## Малайзияда Димашқа медаль табысталды

Малайзия астанасына Stranger жеке концертін өткізуге барған Димаш Құдайбергенге орындаушылық өнері үшін медаль табысталды.



Димаш Құдайберген сапар аясында Малайзия City University оқу орнының басшылығымен, дипломатиялық корпус өкілдерімен, студенттермен, журналистермен және әртістің жанкүйерлерімен кездесті. Университет негізін қалаушы және басқарушы директоры Датин Рохайда Шаари Димашқа орындаушылық өнері медалін табыстады. Әнші өзінің музыка саласындағы еңбегін мойындағаны үшін алғысын білдіріп, Малайзиядағы ең танымал жоғары оқу орындарының бірінің беделді марапатын алу үлкен мәртебе екенін атап өтті.

«Көптеген жыл бойы мен байланыс арқылы және музыкам арқылы бейбітшілік пен бірлікті үнемі насихаттап келемін. «Бір аспан тарихы» әнімнің бірінде мен әлем идеясын жеткізуге тырыстым, әр адамға әр мәдениетті құрметтеуге шақырдым. Бұл ән әлемнің қиындықтарымен күресетіндердің жүрегі мен санасына әсер етеді деп үміттенемін», — деді ол.

## Махаббат пен бостандық

Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті мажар ақыны Шандор Петефидің «Махаббат пен бостандық» атты өлеңдер жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Шара ақынның туғанына 200 жыл толуына арналды.

Түркі академиясы мен Қазақстан Республикасындағы Мажарстан елшілігі бірлесіп ұйымдастырған басқосуға Түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, Мажарстанның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Отто Иван Рона, бірқатар Түркі және Еуропа елдерінің елшілері мен дипломатиялық миссия өкілдері, қоғам және мемлекет қайраткерлері, әдебиеттанушы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиында құттықтау сөз сөйлеген Түркі академиясының басшысы Шаһин Мұстафаев Шандор Петефидің тек әлем таныған көрнекті ақын ғана емес, қысқа ғұмырын елінің азаттығы жолына арнаған мажар халқының ұлттық батыры екенін атап өтті. Бұдан бөлек, Ш.Мұстафаев академияның мажар тарапымен бірлесіп, тарих пен мәдениетті зерттеу бағытында бірқатар жобаны сәтті жүзеге асырып жатқанын айтты. Өз кезегінде Мажарстанның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Отто Иван Рона ақынның 200 жылдық мерейтойы аясында қайта жарыққа шығарылып отырған өлеңдер жинағы Шандор Петефи шығармашылығы мен қазақ оқырмандарын бұрынғыдан да жақындастыра түсетініне сенетінін атап өтті.

Айта кету керек, Шандор Петефи туындыларының кезінде көрнекті қазақ ақыны Қалыр Мырза Әли аударып, әдеби ортада жоғары бағаланған жырлары топтастырылған бұл басылым оқырман қауымға QR код арқылы қолжетімді электрондық нұсқаларымен қатар ұсынылып отыр

Сонымен қатар тұсаукесер рәсімі аясында Ш.Петефидің өмірі мен шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылды. Мажарстанның Қазақстандағы елшілігі әзірлеген көрме арқылы қонақтар назарына небары 26 жасында жасындай жарқырап әдебиет әлеміне өшпес із қалдырып өткен Шандор Петефидің майдандағы ерліктері мен отты жырларынан барынша кең мағлұматтар ұсынылды.

Ш.АТЫХАН



Сұхбаттасқан  
Асыл ТҰМАР



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ —  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Роза ШӨКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4318

Астана қ., «Медиа-холдинг» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Өлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1  
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46  
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn\_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.  
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.  
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның  
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —

Айхан ШӨРІП,  
Нұрлан ҚОСАЙ